

## **Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 ақпандағы № 74 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 43-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы бекітілсін.
2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 22 ақпандағы  
№ 74 қаулысымен  
бекітілген

## **Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы**

Осы Шымкент агломерациясын аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы (бұдан әрі – Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасы) Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (бұдан әрі – Бас схеманың негізгі ережелері) 2017 жылғы 12 мамырдағы № 256 және "Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы" (бұдан әрі – Өңірлерді дамыту бағдарламасы) 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулыларын іске асыру шеңберінде әзірленді.

Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасы Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына, аумақты ұйымдастырудың экологиялық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес әзірленді.

Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасы аумақты дамыту перспективаларын және оның инфрақұрылымға ұзақ мерзімді қажеттілігін

айқындайтын қала құрылысы стратегиясы болып табылады. Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасы ережелерін іске асыру кезектілігі, қаржыландыру көздері және көлемі бюджет мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік бағдарламалар мен аумақтарды дамыту бағдарламалары деңгейінде айқындалады.

Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасының негізгі міндеттері:

1) Шымкент агломерациясының шекараларын айқындау;

2) агломерацияны дамытудың оңтайлы бағыттарын қалыптастыру мақсатында аумақтың шекарасына кіретін әкімшілік-аумақтық бірліктердің мүдделерін ескере отырып, жобаланатын аумақтың ұтымды жоспарлы ұйымдастырылуын айқындау;

3) аумақты функционалдық аймақтарға бөлу, халықты қоныстандыру және өндірістік күштерді орналастыру жүйесін жетілдіру, инженерлік, көліктік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды дамыту, аумақтарды қауіпті техногендік және табиғи процестерден қорғау, аумақтың экологиялық ахуалын жақсарту және қоршаған ортаны қорғау жөнінде негізделген ұсыныстар кешенін әзірлеу.

Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасында Шымкент агломерациясы аумағын жобалаудың аралық (2020 жыл) және есептік (2030 жыл) мерзімдерге арналған перспективалық қала құрылысын дамытудың жобалық ұсыныстары қамтылады. Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері осы Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасына 1-қосымшада келтірілген.

Шымкент агломерациясын ұзақ мерзімді дамытудың жобалық ұсыныстары осы Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасына 2 - 10-қосымшаларда келтірілген.

Шымкент агломерациясының аймағына кірген елді мекендердің тізбесі және елді мекендердің бөлінісінде 2030 жылға дейін Шымкент агломерациясы халқы санының болжамы осы Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасына 11-қосымшада келтірілген.

## **1. Жоспарланатын аумақты аймақтарға бөлу**

Бас схеманың негізгі ережелерінің 5-бөліміне сәйкес функционалдық аймақтар 4 негізгі топқа бөлінген:

1) қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру және табиғи ортаны барынша рұқсат берілген жасанды өзгерту аймақтары;

2) қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары;

3) шаруашылық игеру шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар;

4) шаруашылық қызметінің ерекше регламенттері бар аймақтар.

Жоғарыда аталған аймақтардың әрқайсысының құрамында тиісті кіші аймақтарды атап көрсетуге болады.

Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерде көрсетілген алаңдарды айқындау үшін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес аумақтың жобалық жер теңгерімі жасалды.

1.1 Қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру және табиғи ортаны барынша рұқсат берілген жасанды өзгерту аймақтары

Қоныстандырудың кіші аймағы

Қала құрылысы құндылығы жоғары кіші аймақтар негізінен Оңтүстік өңірдің жоспарлау орталықтарын байланыстыратын бас жоспарлау осьтері бойында шоғырланады. Жобада негізгі және екінші кезектегі жоспарлау осьтері айқындалды, мұндағы негізгі жоспарлау орталығына Шымкент агломерациясының өзегі – Шымкент қаласы жатады.

Агломерация өзегінен басқа Арыс, Сарыағаш қалалары мен Т. Рысқұлов атындағы ауыл тартылыс орталықтары болып белгіленді. Олар тиісті аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады.

Тартылыс орталықтары бөлінісінде тартылыс орталықтарына тартылатын елді мекендердің басым бөлігі Шымкент және Сарыағаш қалаларына тиесілі. (Шымкент агломерациясының барлық елді мекендерінің 75,6%-ы).

Шымкент агломерациясы үшін агломерация өзегіне дейін 1,5 сағаттық көліктік қолжетімділік айқындалды.

Халықтың тығыздығы және агломерация өзегі мен аудандық жергілікті қоныстандыру жүйелері орталықтарының байланыс қарқындылығы бойынша қарқынды және белсенді агломерациялық процестер аймақтары анықталды.

Шымкент агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуеттік даму аймағындағы елді мекендерінің ауданы:

- 1) Шымкент қаласы – 38244 га;
- 2) Сарыағаш қаласы – 2904 га;
- 3) Леңгір қаласы – 2047 га;
- 4) Арыс қаласы – 3327 га;
- 5) Арыс қаласының қалалық әкімшілігі – 8507 га;
- 6) Бәйдібек ауданы – 30853,3 га;
- 7) Қазығұрт ауданы – 39701 га;
- 8) Ордабасы ауданы – 19854 га;
- 9) Сайрам ауданы – 59067 га;
- 10) Сарыағаш ауданы – 15192 га;
- 11) Төлеби ауданы – 45912 га;
- 12) Түлкібас ауданы – 20550 га құрады.

Шымкент агломерациясы елді мекендеріндегі жердің жалпы алаңы 286158,3 га құрайды.

Жобалаудың есептік мерзіміне қарай Шымкент қаласын есепке алғанда қалалық және ауылдық елді мекендердің жалпы ауданы 291080,15 га құрайды.

#### *Көлік-коммуникациялық дәліздердің кіші аймағы*

##### *Автомобиль жолдарының кіші аймағы*

Шымкент агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуеттік даму аймағының шекарасында автомобиль жолдарының ұзындығы 2055,5 км құрайды, оның ішінде:

- 1) республикалық маңызы бар – 406,4 км;
- 2) облыстық маңызы бар – 1300,3 км;
- 3) аудандық маңызы бар – 348,8 км.

Жалпыға ортақ пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жобалық жер алаңы " Автомобиль жолдары үшін жер бөліп беру" ҚР ЕЖ 3.03-102-2013 сәйкес белгіленген.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол жүру қауіпсіздігінің талаптарын ескере отырып, автомобиль жолдарын пайдалануға жағдай жасау үшін оларды пайдаланудың ерекше режимін белгілей отырып, жалпыға ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарына бөлінетін белдеулерге екі жағынан іргелес жатқан жер учаскелері түрінде жол бойындағы белдеулер жасалады.

##### *Теміржол кіші аймағы*

Қазіргі күні жолаушыларға облыс аумағы арқылы Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясының қалаларына жетуге мүмкіндік беретін алысқа қатынайтын поездар өтеді.

Шымкент агломерациясы бөлінісіндегі теміржолдардың ұзындығы 381,7 км, оның ішінде:

- 1) электрлендірілген бір жолды – 66,1 км;
- 2) электрлендірілген екі жолды – 267,1 км;
- 3) электрлендірілмеген бір жолды – 38,6 км;
- 4) электрлендірілмеген екі жолды – 9,9 км құрайды.

Жобалық жер көлемдері "Темір жолдар үшін жер бөліп беру" ҚР ЕЖ 3.03-116-2014 сәйкес теміржол құрылыстарының сақталуын, тұрақтылығын, беріктігін және жылжымалы құрамдардың қозғалу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында теміржолдарды орналастыру үшін жер учаскелерін беруді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар теміржолдарды ұсыну белдеуіне кірмейтін теміржолдардың бақыланатын аймақтарын белгілейді, оның шегінде уәкілетті теміржол органдарының алдын ала келісімінсіз ғимараттарды, құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды және басқа да объектілерді жобалау мен салуға және мал жаюды ұйымдастыруға тыйым салынады:

- 1) елді мекендерден тыс жерде – теміржолдарды ұсыну алабынан екі жаққа 50 метр қашықтықта;
- 2) елді мекендерде – теміржолдарды ұсыну алабынан екі жаққа 20 метр қашықтықта

### *Энергетика желілерінің кіші аймағы*

Энергетика желілерінің аймағына энергетикалық инфрақұрылым, оның ішінде электр станциялары, электр беру желілері, қосалқы станциялар, бөліп тарату пункттері және басқа да электр желісі шаруашылығы орналасқан аумақтар жатады.

Агломерация өзегі Шымкент қаласының тұтынатын электр жүктемесі жазда 145-1150 МВт шамасында, қыста 185-190 МВт құрайды. Электр энергиясының негізгі жеткізушісі "Оңтүстік Жарық Транзит" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) болып табылады, оның теңгерімінде 2261,7 км электр желілері бар, орташа тозу шамамен 51% құрайды.

Оңтүстік Қазақстанда тапшылықтың орнын толтыру үшін 2026 – 2030 жылдар кезеңінде Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында 500 кВ ҚС бар Жезқазған – Қызылорда – Кентау – Жамбыл 500 кВ ӘЖ орнату көзделеді.

Қолда бар жаңартылатын ресурстар әлеуетін игеру, органикалық отынды үнемдеу, сондай-ақ қоршаған ортаға кері әсерді азайту мақсатында перспективада дәстүрлі емес және жаңартылатын энергия көздерін теңгерімге алу жоспарланады.

Электр берудің әуе желілері үшін электр желілерінің күзет аймақтарының жалпы алаңы "Электр желілері объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер учаскелерін пайдаланудың ерекше шарттарын белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 330 бұйрығына сәйкес айқындалды.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлердің алаңы 45979 га құрайды.

### 1.2 Қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары

Қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары қарқынды және экстенсивті ауыл шаруашылығы қызметінің кіші аймақтарын қамтиды.

2015 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 1056443,67 га, сондай-ақ егістік жерлер – 499673,07 га, оның ішінде суарылатын жерлер – 121620 га, шабындықтар – 48946,8 га, жайылымдар – 386203,8 га алып жатыр.

Мал шаруашылығын дамыту перспективасына байланысты жобалаудың есептік мерзіміне (2030 жылға) қарай Арыс қалалық әкімшілігі (642 га), Бәйдібек (5000 га), Қазығұрт (1358 га), Ордабасы (4000 га), Сайрам (1026 га), Сарыағаш (3287,18 га) және Төлеби (394 га) аудандарының босалқы жерлер санатындағы жайылымдар мен

шабындықтарды ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге ауыстыру немесе шалғайдағы жайылым ретінде пайдалану керек, оның жалпы алаңы – 15707,18 га құрайды.

Босалқы жерлер мен арнайы жер қорының құрамындағы ауданы 9412 га жыртылған тыңайған жерлерді деградациялық процестердің алдын алу, жасыл екпелерді сақтау және көбейту мақсатында барлық аумақта бейімделген-ландшафттық тәсілді енгізу шартымен ауыл шаруашылығы айналымына тарту ұсынылады.

2030 жылы тыңайған жерлер мен босалқы жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту есебінен ауыл шаруашылығы жерлерін 1081562,85 га дейін өсіру көзделеді.

**1.3 Шаруашылық игеру шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар**

Табиғи немесе мәдени ландшафтқа айтарлықтай зиян келтіретін өнеркәсіптік немесе ауыл шаруашылығы өндірістерін, табиғи ресурстарды пайдаланудың басқа түрлерін дамытуға және орналастыруға жол бермейтін режимді орнату шаруашылық игеру шектелген аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлудің негізгі қағидаты болып табылады.

#### *Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар*

2016 жылдың басында ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (бұдан әрі – ЕҚТА) жерлері Шымкент агломерациясының перспективті экономикалық әсер ету және әлеуеттік даму аймағында 96105,23 га құрайды.

Шымкент агломерациясының биологиялық алуан түрлілігін сақтау жөнінде 2020 – 2030 жылдарға арналған негізгі жобалық ұсыныстарға:

1) кластерлік учаскелерді (Арыс өзенінің жоғарғы жағы, Боралдай шатқалы шегіндегі Боралдай мен Қашқарата өзендерінің сағасы) қосу есебінен Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығын кеңейту;

2) көрсетілген санатқа барлық негізгі орнитологиялық аумақтарды қосу есебінен мемлекеттік табиғи қаумалдар құру;

3) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштерін ұйымдастыру;

4) заңды тұлға мәртебесі жоқ қазіргі ЕҚТА-ның (қаумалдар, табиғат ескерткіштері және т.б.) мәртебесін бағалау және оларды арттыру жағына қарай қайта қарау жатады.

Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасында 2030 есептік жылы ЕҚТА алаңын 128 518,0 га дейін ұлғайту көзделеді.

#### *Орман қорының жерлері*

Орманды, сондай-ақ ағаш өспеген, бірақ орман шаруашылығы қажеттіліктері үшін берілген жер учаскелері орман қорының жері болып танылады.

2016 жылдың басында орман қорының жерлері Шымкент агломерациясының экономикалық әсер ету және әлеуеттік даму аймағында 7064 га құрайды.

Агломерация аумағындағы елді мекендерде жасыл екпелерді қорғау үшін агломерацияның барлық қалалары мен Шымкент қаласында жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақтардың алаңын 2030 жылға қарай адам басына 20 м<sup>2</sup> нормативіне дейін 12400 га дейін жеткізу қажет.

#### 1.4 Шаруашылық қызметінің ерекше регламенттері бар аймақтар

##### *Магистральдық газ құбырларының кіші аймағы*

Қазақстан Республикасының оңтүстік өңіріне табиғи газ жеткізудің газ-көлік жүйесінің негізін үш облыс: Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының аумағы және Қырғыз Республикасының аумағы арқылы өтетін магистральдық газ құбырлары: "Газли – Шымкент" МГ, "Бұхара газды ауданы - Ташкент – Бішкек – Алматы" МГ (БГР-ТБА), "Амангелді – Тараз" қосушы-газ құбыры және "Қазақстан – Қытай" МГ құрайды.

Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірін табиғи газбен, әсіресе, қысқы кезендерде барынша толық және тұрақты қамтамасыз ету елдің батыс облыстарының кен орындарында өндірілетін және "Бейнеу-Шымкент" магистральдық газ құбыры бойынша тасымалданатын газдың меншікті ресурстары есебінен шешілуі мүмкін.

##### *Су қоры жерлері*

2016 жылдың басындағы жағдай бойынша Шымкент агломерациясының перспективалық экономикалық әсер ету және әлеуеттік даму аймағында су қоры жерлерінің алаңы 13818,4 га құрайды.

Шымкент агломерациясының аумағындағы су қорғау аймақтары және су объектілеріне арналған белдеулер қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленді.

Әзірленген жобалары жоқ су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығына сәйкес қабылдануы тиіс:

- 1) шағын өзендер үшін (ұзындығы 200 км) су қорғау аймағы – 500 м;
- 2) шаруашылыққа пайдаланудың күрделі шарттарымен және су жинаудағы қолайлы экологиялық ахуалымен – 500 метр, шаруашылыққа пайдаланудың күрделі шарттарымен және су жинаудағы қауырт экологиялық ахуалымен – 1000 метр.

##### *Тарихи ескерткіштер және құрылыстар орналасқан аумақтар*

Шымкент агломерациясының бай тарихи-мәдени мұрасы бар. Зерттелетін аумақта еліміздің мәдени игілігінің маңызды және бірегей бөлігі шоғырланған. Сәулет ескерткіштері өңірдің өзіндік ерекшелігі бар мәдениетінің, халықтың сәндік-қолданбалы өнерінің қайталанбас құбылысы болып табылады. Бұларға

аумағында жүздеген жеке археология мен сәулет ескерткіштері шоғырланған сәулет ансамбльдері жатады. Ескерткіштер өлкенің көне тарихын зерделеудің іс жүзіндегі жалғыз көзі болып табылады.

Шымкент агломерациясында республикалық маңызы бар тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміндегі 10 объекті орналасқан.

Сондай-ақ жобаланатын аумақта Республикалық маңызы бар тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміндегі 328 объект орналасқан.

Аумақты функционалдық аймақтарға бөлу және анықталған қала құрылысы регламенттері өңір агломерациясын аумақтық дамытудың жобалық ұсыныстарына негіз болды.

Болжамды жер теңгерімі осы Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасына 1 -қосымшада берілді.

## **2. Аумақтың қала құрылысын игеру және дамыту**

Шымкент агломерациясы аумағының қала құрылысын игеру және дамыту функционалдық аймақтарға бөлуді қатаң сақтай отырып, ауыл шаруашылығы, рекреациялық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік және құрылыс қызметін жүргізудің құндылығы мен орындылығы өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Шымкент агломерациясы аумағының қала құрылысын игерудің бірінші кезектегі бағыттарына өңір халқын қоныстандыру, өндіруші күштерді орналастыру, өңірдің инженерлік-көлік инфрақұрылымын дамыту, аумақты инженерлік қорғау мен қоршаған ортаны сақтау және функционалдық мәні бойынша аумақты аймақтарға бөлу жөніндегі жобалық ұсыныстар кешені жатады.

Аумақтың қала құрылысын игерудің басымдылығы аймақтар бойынша жүзеге асырылады, ондағы агломерациялық процестер халықтың тығыздығына сәйкес және агломерация орталығына (-тарына) қатысты орналасуына қарай қарқынды, белсенді, әлсіз еңбек және өндірістік байланыстарға ие болады.

Агломерациялық процестерді қалыптастыру аймақтарының алаңы 974,4 мың га, оның ішінде:

- 1) қарқынды агломерациялық процестер аймағы – 457080 га;
- 2) белсенді агломерациялық процестер аймағы – 231774 га (қарқынды агломерациялық процестер аймағын есепке алмай);
- 3) әлсіз агломерациялық процестер аймағы – 285528 га (қарқынды және белсенді агломерациялық процестер аймағын есепке алмай) құрайды.

Шымкент агломерациясының құрамына кіретін елді мекендер аумақтарының қала құрылысын игеруді реттеу, дамыту және аймақтарға бөлу қалалар мен елді мекендердің бекітілген бас жоспарларында көзделген.



### **3. Өндірістік күштерді, халықты қоныстандыру өңірлік және өңіраралық маңызы бар көлік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды орналастыру жүйесін кешенді дамыту шаралары**

#### **Халықты қоныстандыру жүйесін жетілдіру шаралары**

Шымкент агломерациясы Оңтүстік өңірдің тірек орталығы ретінде қалыптасады.

Шымкент агломерациясының аумағында 1,8 млн. адам немесе республика халқының жалпы санының 10%-ын құрайтын халқы бар 367 елді мекен орналасқан. Бұл ретте қала тұрғындары 992,5 мың адамды (55,1%), ауыл халқы – 808,5 мың адамды (44,9%) құрайды. Халықтың тығыздығы – бір шаршы километрге 184,8 адамды құрайды.

Шымкент агломерациясының 367 елді мекенінің 363-і ауылдық елді мекенге (98,9%) жатады.

Шымкент агломерациясының құрамына кіретін ауылдық елді мекендер бойынша орта есеппен алғанда 2016 жылдың басында ауыл халқының тығыздығы 87,1 адам/шаршы км құрады. Сайрам ауданы ауыл халқының ең жоғары тығыздығымен сипатталады (186,7 адам/шаршы км).

Агломерацияның ауылдық елді мекендерінің орташа халық тығыздығы 2202 адамды құрады. Ең жоғары көрсеткіш Сайрам ауданына тән, ол 4738 адамды құрады.

Ауылдық елді мекендер желілерінің тығыздығы агломерация бойынша орташа алғанда аумақтың 1000 шаршы км-ға 25,2 елді мекенді құрайды. Ең жоғарғы көрсеткіш Сарыағаш ауданында байқалды және 1000 шаршы километрге 62,6 елді мекенді құрады.

Ауылдық елді мекендер арасындағы орташа қашықтық 6,3 км құрады. Сарыағаш ауданының ауылдық елді мекендері бір-біріне ең жақын қашықтықта – 4,0 км жерде орналасқан.

Шымкент агломерациясының құрамына кіретін ауылдық елді мекендердің қатарынан 39,7 %-ы үлкен ауылдарға, 37,7%-ы орташа ауылдарға, 17,1%-ы ірі ауылдарға және небәрі 5,5%-ы шағын ауылдарға жатады.

Ірі ауылдық елді мекендердің негізгі бөлігін Сайрам ауданының ауылдары құрайды, ал шағын елді мекендердің басым бөлігі Түлкібас ауданына жатады.

Шымкент агломерациясы халқының жас бойынша құрылымы балалар үлесінің жоғары екенін көрсетеді (орташа республикалық көрсеткіш 35,5% болғанда балалар үлесі 28,4%-ды құрайды). Бұл елдің басқа өңірлерімен салыстырғанда туу көрсеткішінің жоғары болуымен байланысты.

Еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлес салмағының төмен болуы байқалады, ол 57,5% құрайды (республика бойынша 60,8%).

Шымкент агломерациясы бойынша еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындар үлесінің көрсеткіші орташа республикалық көрсеткіштен төмен (ел бойынша орташа 7,0% болғанда 10,8%).

2011 – 2016 жылдары халық саны 12,4%-ға (219,8 мың адам) артты, ол орташа облыстық деңгейден жоғары (облыс бойынша 10,7%).

Елді мекендерде халық санының өсімі негізінен халықтың жоғары табиғи өсімі есебінен болады. Шымкент агломерациясының табиғи өсімінің коэффициенті 1000 тұрғынға шаққанда 23,81 адамды құрайды. Ең төмен көрсеткіш Бәйдібек ауданына (1000 тұрғынға шаққанда 17,76 адам), ал ең жоғарғы көрсеткіш Сарыағаш ауданына тән (1000 тұрғынға шаққанда 28,03 адам).

Шымкент агломерациясының құрамына кіретін қалалар мен аудандар бөлінісінде оң көші-қон сальдосы жыл сайын Шымкент қаласында ғана байқалады, ал басқа елді мекендерде халықтың кетуі байқалады. Мысалы, 2015 жылдың ішінде теріс көші-қон сальдосы 9,3 мың адамды құрады.

Шымкент агломерациясының демографиялық жағдайының қалыптасқан үрдісі халықтың теріс көші-қоны сальдосына қарағанда едәуір артық табиғи өсімнің жоғары көрсеткіштері есебінен халық санының тұрақты жоғары өсуімен сипатталады, ол болашақта халық санының барынша өсуіне септігін тигізеді.

Шымкент агломерациясы халқы санының болжамы жас ерекшелігін жылжыту әдістерін қолдана отырып есептелген. Болжамға сәйкес 2020 жылға қарай Шымкент агломерациясының халқы 185093 адамға немесе 10,3%-ға артады және 1986087 адамды құрайды, есептік 2030 жылға агломерация халқының саны базалық кезеңге қарағанда 534779 адамға немесе 29,7%-ға артады және 2335773 адамды құрайды.

Шымкент агломерациясы үшін агломерация өзегіне ауыл тұрғындары көші-қонының қарқынды процесі тән, ол инженерлік-көлік және әлеуметтік инфрақұрылымға және еңбекте жұмыс орындарының бар болуын есептемегенде салмағын түсіреді.

Ауылдық аумақтарда халықтың көшіп кетуін төмендету үшін ауыл шаруашылығы саласын жаңғырту және қала құрушы база бола алатын ұсақ тауарлы өндірістен орта және ірі тауарлы өндіріске көшу ұсынылады. "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес 5 жыл ішінде 500 мыңнан астам жеке үй шаруашылықтары мен шағын фермерлерді кооперативтерге тарту үшін барлық жағдайды жасау керек.

Одан әрі дамыту көзделген ауылдық елді мекендер үшін жоспарлау, құрылыс салу мен абаттандыру жобалары әзірленуі тиіс, онда ауыл тұрғындарының өмір сүру және еңбек қызметі жағдайын жақсартуға, ауылдық жерлерде тұру қадірін арттыру үшін негіздер жасауға бағытталған өзара байланысқан іс-шаралар кешені айқындалады.

Шымкент қаласының айналасындағы халықты қоныстандыру жүйелерін дамытудың жобалық шешімдерін әзірлеу жөніндегі ұсыныстар оның қала маңындағы аймағын (қарқынды агломерациялық процестер аймағы) қоныстандыру жүйесін жетілдіруге бағытталуы тиіс. Қала маңындағы қоныстандыру жүйесін жетілдіру процесі халықтың өсуіне әкелетін елді мекендердің бей берекет өсуіне жол бермеу қажеттілігіне негізделген, әдетте олар кешенді қызмет көрсету жүйесі мен жұмыс орындарымен қамтамасыз ету жүйесінде проблемалар тудырады.

Халықтың көші-қон ағынын ұстап қалу және агломерация өзегін "жеңілдету" үшін онда өңдеу өндірісі, қызмет көрсету саласы, туристік-рекреациялық кешен объектілерін дамыта отырып, негізгі жоспарлы осьтер бойынша тартылыс орталықтары және контрмагниттер сияқты агломерацияның ірі елді мекендерін дамыту ұсынылады. Контрмагниттер рөлінде аудандардың мынадай әкімшілік орталықтары анықталды:

1) оңтүстік бағытында – Сарыағаш қаласы (рекреация, туризм, минералды су өндірісі, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру);

2) батыс бағытында – Арыс қаласы – Қазақстанның ірі теміржол торабы. Контрмагнит ретінде Арыс қаласын таңдау себебі бұл қала Шымкент қаласынан біршама алыс қашықтықта орналасқан және ауыл шаруашылығына арналған құнарлы жерлер аз. Қаланың перспективалық мамандануы минералды су өндіру, металлургия, жеңіл өнеркәсіп, көкөністерді өсіру, құс өсіру, аралас ауыл шаруашылығы, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды өсіру болып табылады;

3) шығыс бағытында – Т. Рысқұлов ауылы (құрылыс материалдарын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру);

4) елді мекендерді-серіктестерді/халықтың ішкі көші-қонының орталықтарын дамыту: Леңгір қаласы, Ақсу, Қазығұрт, Бадам, Темірланов, Төрткөл, Шаян ауылдары.

Болашақта жалпы көлік жүйесін жаңғырту және жылдам көлік құралдарын пайдалану есебінен қызмет көрсету объектілеріне қол жеткізу нормаларын өзгертуді ескере отырып агломерацияның әсер ету аймағын кеңейту және Тараз, Түркістан, Ташкент қалаларымен өзара іс-қимыл жасауды күшейту мүмкін.

Шымкент агломерациясы қоныстандырудың тірек қаңқасын қалыптастыру есебінен мақсатты түрде және жүйелі дамиды. Қоныстандырудың тірек қаңқасын қалыптастыру ең алдымен қоныстандырудың өңірлік жүйесінің орталығы және аумақта халықтың тығыз орналасуының маңызды ареалы ретінде агломерацияны күшейтуді талап етеді.

Шымкент агломерациясында урбандалудың агломерациялық процесінің барлық негізгі базистік факторлары бар: орталық қалада адамның көптігі (халқының саны миллионға жуық), пайдалы орналасқан жер (халықаралық маңызы бар көлік дәліздерінде), қоршаған аумақтағы елдің тығыздығы (халықтың салыстырмалы жоғары тығыздығы).

**Өндіргіш күштерді кешенді орналастыру шаралары**

Шымкент агломерациясында өндіргіш күштерді орналастыру перспективасында агломерация өзегіне жүктеме өсетінін ескере отырып аудандардың инвестициялық тартымдылығын арттыруға, агломерацияның шалғайдағы аумағына бизнесті және тұрғындарды көшіруді ынталандыруға, жұмыс істеп тұрған өндірістерді технологиялық жаңарту мен жаңғыртуға бағыттталатын болады.

Агломерация өзегінде жоғары технологиялық және инновациялық өндірісті (ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, ғылыми-білім беру және кәсіби қызметтер, сервистік қызметтер, құрал жасау және т.б.), бірінші кезекте "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) аумағында, "Оңтүстік" индустриялық аймағында және "Тассай" жоспарланған индустриялық аймақта орналастырған.

Агломерация өзегінің шекараларынан тыс осы аумақтарда оның ішінде Қазығұрт, Түлкібас аудандарындағы жұмыс істеп тұрған индустриялық аймақтардың және Ордабасы ауданындағы іске қосылатын индустриялық аймақтың аумақтарында инвесторлар мен тиісті өндірістік және көлік-инженерлік инфрақұрылымдар үшін тартымды жағдай жасай отырып өнеркәсіптің дәстүрлі салаларын орналастыру орынды.

Перспективада Шымкент агломерациясы оның аумағы арқылы "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзит дәлізінің Қытай – Еуропа бағыты және "Қазақстан – Түрікменстан – Иран" теміржолдары бойынша "Жаңа Жібек жолы" өтуінің арқасында ауыл шаруашылығының жеке экспорттық өнімдерін тиеу үшін құрлықтағы торап ретінде берік орнығады.

Транзиттік әлеуетті әрі қарай дамыту мақсатында отандық өндірушілердің өнімдерін сыртқы және ішкі нарыққа шығаруды қамтамасыз ету және Еуропа және Қытай, Орта және Оңтүстік-Шығыс Азия арасында транзит жүк ағынына қызмет көрсету үшін Шымкент қаласында көлік-логистикалық орталық салу көзделіп отыр. Ұқсас көлік-логистикалық орталықтар Сарыағаш ауданында жұмыс істейтін болады.

2030 жылға қарай Шымкент агломерациясының перспективалық мамандануына ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, азық-түлік өнімдері, мұнай мен мұнай өнімдері, тоқыма өнімдері, құрылыс материалдары, металлургия өнімдері, машина жасау, химия өнеркәсібі жатады. Шымкент қаласы Алматы және Астана қалаларынан кейін еліміздің ірі қаржы, мәдени және іскери орталықтарының бірі ретінде рөл атқаратын еліміздің ірі қаласы ретінде сипатталатын болады.

Ауыл шаруашылығы Шымкент агломерациясы экономикасының басты салаларының бірі болып табылады. Қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар, көкөністерді, жемістерді, бақша дақылдарын, жүзімді өндіру көлемінің өсімі, жылыжай шаруашылығын дамыту бәсекеге қабілетті агроөндірістік кешенді дамыту үшін алғышарттар жасайды.

Сонымен қатар, агломерацияның өндіргіш күштерінің заманауи жағдайын талдау аграрлық сектор бәсекеге қабілетті агроөндірістік кешенге қойылатын заманауи талаптарға жауап бермейтінін көрсетті. Мал шаруашылығындағы өнімнің 90%-дан астамы халық шаруашылығында өндіріледі, бұл ірі ауқымды селекциялық және малды асылдандыру жұмысын жүргізуге, ғылыми негізделген егіс айналымын сақтауға, заманауи технологияларды кеңінен пайдалануға, өндіріс процестерін механикаландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік бермейді.

Шымкент агломерациясының заманауи бәсекеге қабілетті агроөндірістік кешенін сәтті қалыптастыруға ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарына ұсақ және орта шаруашылықтардың ауыл шаруашылық кооперациялары септігін тигізетін болады.

Шымкент агломерациясының аумағына кіретін Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш және Түлкібас аудандарының құнарлы жерлерінің (сапасының орташа баллы – 34-тен жоғары) бар болуы ауыл шаруашылығы шикізатын кейіннен өңдей отырып, өсімдік шаруашылығы (көкөністерді, бақша дақылдарын, майлы дақылдар және т.б. өсіру) саласын белсенді дамытуға мүмкіндік береді. Қалған аудандарда мал басын арттыру, мал соятын цехтерді жасау, ет пен сүтті өңдеу жөніндегі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды ірілендіру және жаңаларын салу мақсатымен жайылым жерлерді кеңейтуге болады.

Болашақта ауыл шаруашылығы кооперациялары мен агроөнеркәсіптік кешен мен өнеркәсіпті интеграциялау негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді арттыру, жылыжайларды, сүт-тауарлық фермаларды, ет бағытындағы фермаларды, мал соятын пункттерді, сервистік-даярлау орталықтарын, қоймалық үй-жайларды салу жөніндегі іс-шараларды өткізу ұсынылады, ол агломерацияның өңдеуші кәсіпорнына шикізатты одан әрі тұрақты жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығын дамыту үшін ірі компаниялар тауарлар мен қызметтерді ұсақ өнім берушілер арасындағы берік байланысты реттеу қажет. Азық-түлікті өңдеу жөніндегі компаниялармен ұзақ мерзімді келісімшарттарды жасайтын ұсақ шаруашылықты мысал ретінде алуға болады.

Есептік деректерге сәйкес Шымкент агломерациясына кіретін Шымкент және Арыс қалалары, аудандары ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 2020 жылға қарай 1,8 есеге, 2030 жылға қарай 4,5 есеге артады.

Ауылдық аумақтарды дамыту және ауылдық жерлерде жұмыс орындарын құру мақсатында агломерацияның басқа да ауылдық елді мекендеріне Шымкент қаласының Асар шағын ауданы мен Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылының сәтті тәжірибесін қолдану ұсынылады. Агломерация аумағындағы бос ауыл шаруашылығы жерлерінің жетіспеуін ескере отырып, Асар шағын ауданы мен Қарабұлақ ауылының тәжірибесі агломерацияның ауылдық елді мекендерін дамытудың едәуір тартымды нұсқасы болып табылады. Асар шағын ауданында әрбір үйде үй жанындағы отбасылық жылыжайлардың құрылысы еңбекпен қамту және лайықты табыс проблемасын шешуге

мүмкіндік береді, салынып жатқан өнеркәсіптік жылыжай мен өңдеуші зауыт өнімдерді өткізу проблемаларын шешуге мүмкіндік береді. Қарабұлақ ауылында шағын фермаларды дамыту еңбекпен қамту және Шымкент қаласын ет өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, ауыл шаруашылығын дамыту үшін мынадай іс-шараларды іске асыру қажет:

- 1) ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру;
- 2) басым ауыл шаруашылығы дақылдарының алаңын кеңейту және оларды ғылыми-негізделген ылғалды және ресурс үнемдейтін технологиялар негізінде өңдеп өсіру;
- 3) қолайсыз климаттық жағдайлары бар аумақтарда жемшөп базасын дамыту;
- 4) инновациялық технологияларды және материалдарды қолдана отырып, жаңа қазіргі заманғы жылыжай кешендерін (оның ішінде үй жанындағы отбасылық жылыжай) салу;
- 5) жетекші ғалымдар мен мамандандырылған ұйымдармен кооперацияларда ғылыми тұрғыдан келу негізінде тұқым шаруашылығын дамыту;
- 6) жеміс-жидек дақылдарының көпжылдық көшеттерін отырғызу;
- 7) тамшылатып суару жүйесін барлық жерде пайдалану;
- 8) табиғи жайылымдылық жерлерді қалпына келтіру және ұтымды пайдалану;
- 9) сүт және ет бағытындағы ірі мал шаруашылығы кешендерін құру және дамыту;
- 10) машина-трактор паркін жаңарту;
- 11) фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Агломерацияның өнеркәсіптік секторын әртараптандыру ұсынылады.

Агломерацияның тамақ өнеркәсібін дамыту жергілікті экологиялық таза шикізатты пайдалануға қолжетімділікке, түпкілікті өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, салада инвестициялардың көлемін ұлғайтуға және жаңа кәсіпорын құру, тамақ өнімдері бағасының қолайлы серпініне, Шымкент қаласының айналасында азық-түлік белдеуін құруға ықпал ететін болады.

Қазіргі кезде Шымкент агломерациясының аумағында өсімдік майы, макарон өнімдері, ұн, түйеқұс еті және шұжық өнімдері, табиғи шырындар, сыра, маринадтар, компоттар, минералды сулар мен басқалар өндіріледі.

Шымкент қаласының айналасында азық-түлік белдеуін жасау жұмыс істеп тұрған өндірістерден және жаңа мал бордақылау, сүт кешендерін құру, жылыжай кешендерін, көкөніс сақтайтын қоймаларды салу, жеміс-жидек бақшаларын және жүзім алқабын отырғызу агломерацияның барлық аудандарында өңдеуші кәсіпорындарды дамыту есебінен қалыптастырылатын болады.

Металлургиялық өнеркәсіпті дамыту өндірілетін металл кендерінің негізінде автомобиль және теміржол өнеркәсібінде, құрылыс индустриясында, аспаптар және машина жасауда, құбырлар мен кабельдерді өндіруде, электроника мен электр

аспаптарын және т.б. өндіруде ықтимал қолданудың көптеген түрлері үшін қорытпалардың кең спектрін өндіру жолымен ұсынылады. Қорытпаларды өндіру металдарды өндіруді тереңдетуде алғашқы қадам болып табылады, келесі қадам қорытпаларды пайдалану жөніндегі өндірістік кәсіпорындарды құру бола алады, алғашқыда компоненттердің жартылай фабrikатын, ал соңында бірқатар дайын тұтыну тауарларын өндіреді.

Агломерация аумағында металлургиялық өнімді өндірудің негізгі орталығы Шымкент қаласы болады. Негізгі өндірілетін өнім: түрлі-түсті металдар, қара және түрлі-түсті металдардан жасалған өнімдер, қара және түрлі-түсті металдардың сынығы және т.б.

Агломерация аумағында алтын кен орны (Боралдай тобы, Кеңөзен, Тарөзен, Қарағашты, Қаржан алаңы, Шетқаржан, Ақтам, Қаратас, Күмісті кен алаңы) бар, онда тиісінше қаржыландыру кезінде едәуір терең іздестіруді орындауға және шикізаттың жеткілікті қоры бар болған кезде зергерлік өнеркәсіптің перспективалық дамуын көздеуге болады.

Металлургиялық өнеркәсіптің әлеуетін одан әрі өсіруге мыналар ықпал етеді:

1) "Абайыл темір" кені орны базасында Оңтүстік Қазақстан металлургиялық комбинатын салуды ұйымдастыру;

2) Түлкібас ауданының Жабағылы кентінде ванадий кен орны базасында ванадий мен молибден өндіру және өңдеу зауытын ұйымдастыру.

Шымкент агломерациясын дамытудың перспективалық бағыты мұнай өңдеу өнімдерін өндіру болады.

Саланы одан әрі дамыту мұнай өңдеу көлемі мен тереңдігін ұлғайтумен, шығарылатын өнімдер ассортименттерін кеңейтумен, өндіріп шығаратын өнімдердің: бензиннің, авиациялық керосиннің, дизель отынының, отындық мазуттың, мотор майының, трансмиссиялық майлардың, жанармай материалының және битумның сапасын жақсартумен байланысты.

Шымкент мұнай өңдеу зауытында мұнай өңдеу тереңдігі кешенін іске қосу мұнай шикізатын едәуір тиімді өңдеуді, экологиялық таза мотор отындарын өндіріп шығаруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ таяу және алыс шетелдерге тауар өнімдерін экспорттаушы ретінде кәсіпорынның рөлін күшейтеді.

Бұдан басқа, агломерация аумағында мұнай өңдеу зауытының жұмыс істеуі шиналар, спорт құрылыстарына арналған резеңке жабындарды және басқалар жұмыс істеуі сияқты резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісін дамыту әлеуетін пайдалануға мүмкіндік береді.

Агломерация аумағында резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісін дамыту Шымкент, Сарыағаш, Арыс қалаларында және Сайрам ауданында орналасқан кәсіпорын базасында жүзеге асырылады.

Жоғары еңбекті қажет ететінін ескере отырып, агломерацияны дамытудың перспективалық бағыттарының бірі тоқыма және тігін өнеркәсібі, былғары және оған жататын өнімдер өндірісі болады. Жеңіл өнеркәсіп орталығы Шымкент қаласы болады (11 кәсіпорын). Негізгі өнім тоқыма және былғары өнімдері болады.

Құрылыс материалдарын өндіру саласын дамыту цемент, кірпіш, қайнатылған, қайнатылмаған әк, шифер мен асбоқұбыр, құрылыс мақсаттарына арналған бетоннан жасалған бұйымдар, тауарлық бетон және басқаларды өндірумен байланысты.

Перспективада құрылыс материалдары өнеркәсібін орналастыру орталықтары:

- 1) цемент өндірісі бойынша – Шымкент қаласы;
- 2) кірпіш өндірісі бойынша – Шымкент қаласы, Сайрам ауданы, Сарыағаш ауданы, Ордабасы ауданы, Қазығұрт ауданы, Түлкібас ауданы, Төлеби ауданы;
- 3) әк өндірісі бойынша – Түлкібас ауданы;
- 4) құрылыс мақсаттарына арналған бетоннан жасалған бұйымдар өндірісі бойынша – Шымкент қаласы, Сайрам, Сарыағаш және Төлеби аудандары;
- 5) тауарлық бетон өндірісі бойынша – Шымкент қаласы, Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш, Төлеби және Түлкібас аудандары;
- 6) шифер мен асбоқұбыр өндірісі бойынша – Шымкент қаласы болады.

Өндіріс көлемі кен орындарын барлауды аяқтау, кәсіпорындардың өндіру жұмыстарына көшуі, кірпіш шикізатын, құмды, әктасты, балшықты, кварц құмды, құрылыс тасты және басқа да пайдалы қазбаларды өндіру көлемін ұлғайту есебінен өседі:

- 1) Бәйдібек ауданында – мәрмәр түйірлерін өндіру ("Леонтьев" және "Тозбұлақ" кен орны);
- 2) Қазығұрт ауданында – саз-балшық өндіру ("Ленин" кен орны);
- 3) Ордабасы ауданында – әктас өндіру ("Бектау", "Бадам" кен орны);
- 4) Сарыағаш ауданында – кесек тасты ("Бесқұдық" кен орны), құм-қиыршықтас қоспасын өндіру ("Сарыағаш II", "Келес" кен орны);
- 5) Төлеби ауданы – әктас ("Қаратас" кен орны), құм-қиыршықтас қоспасын өндіру ("Подгорненское II", "Көксаяқ" кен орны).

Машина жасау саласын дамыту Шымкент, Арыс қалаларындағы сондай-ақ Сайрам, Ордабасы және Төлеби аудандарындағы ірі және орта кәсіпорындарды жаңғыртумен байланысты болады.

Перспективада агломерацияның машина жасау кәсіпорны құрылыс-жол техникасын, трансформаторлар, тракторлар өндіретін болады.

Химия мен фармацевтика өнеркәсібінің даму перспективасы фармацевтикалық препараттар, фосфор және оның қосындыларын өндірумен байланысты болады. Агломерация аумағында өндірістің негізгі орталығы Шымкент қаласы болады. Перспективалы фармацевтикалық өнім: дәрілік препараттар, субстанциялар, ампулалар, ұнтақ антибиотиктер, гален препараттары, таблеткалар, жақпа майлар, ерітінділер,



ұнтақтар, АВА-TUBE бір рет қолданатын стерильденген вакуум түтіктер, медициналық қолғаптар, өңделген дәрілік шөптер, ампулалы нысандар, GMP инфузиялық ерітінділер болып табылады.

Түлкібас ауданында биологиялық белсенді заттар өндірісін орналастыру ұсынылады.

Сайрам ауданында бақша дақылдары, картоп пен жүзімнің зиянкестерімен күрес үшін мұнай-газды өндіру қалдықтарынан "коллоидты күкірт" (фунгицидтер) препараты өндірісін орналастыруға болады. Препарат импорт өнімдерін ауыстыруға мүмкіндік береді.

Бұрынғы фосфор зауытының қалдықтарында перспективада сары фосфорды және оның негізінде алынған термиялық ортофосфор қышқылын, "ч" және "чда" жіктелуінің реактивті ортофосфор қышқылы, сондай-ақ фосфорлы қышқыл тұзын өндіру мүмкін болады.

Бұрынғы "Фосфор" Шымкент өндірістік бірлестігінің сары фосфор қоймасының базасында сары фосфор, құрамында фосфоры бар қойыртпақтар өндірілуі мүмкін.

Өңірдің химия саласындағы кәсіпорындары көмірқышқыл газын (CO<sub>2</sub>) шығару және минералды, газдалған суларды өндіру мен құю жөніндегі агломерацияның азық-түлік саласындағы кәсіпорындарына өнімдер беру әлеуетіне ие.

Өнеркәсіптік әлеуетті өсіру жөніндегі іс-шаралар:

1) кәсіпорындарды тарту жолымен еркін нарық орындарын және нарық сегменттерін бағындыру үшін жаңа және жақсартылған тұтынушылық қасиеттері бар өнімдерді шығару жөніндегі өндірісті іске қосуға, өнеркәсіптік аймақтар аумақтарының ресурстарын жаңғыртуға және едәуір тиімді пайдалануға;

2) қала үшін әлеуметтік және экономикалық маңызы бар өнеркәсіптік ұйымдарды қаржылық сауықтыру, кәсіпорындардың шығындылығын қысқарту және тарату есебінен кәсіпорындардың (мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды қоса алғанда) сапалы құрылымын жақсартуға;

3) азық-түлік өнімдерін, құрылыс материалдарын, фармацевтикалық өнімдерді, халықтың қажеттілігін қамтамасыз ететін қызметтің басқа да түрлерін өндіру сияқты өсу қарқынының оң серпіні бар дәстүрлі салалар мен өндірістерді сақтап қалуға;

4) индустриялық және өнеркәсіптік аймақтарда тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіруге қатысушылар санын және көлемін арттыруға жәрдемдесуге;

5) инженерлік инфрақұрылым, атап айтқанда өнеркәсіптік аймақтағы кәріз және су бұру жүйесі проблемаларын шешуге;

6) кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыруға;

7) экспортқа бағдарланған өндірістерді құру жөніндегі инвестициялық жобаларды қолдау басымдықтары бар, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде ұсынылатын

мемлекеттік қолдаулар арқылы өңделіп жатқан өнеркәсіп салаларындағы өндірісті құруға бағытталуы тиіс.

Есептік деректерге сәйкес Шымкент агломерациясына кірген аудандардың, Шымкент және Арыс қалаларының өнеркәсіптік өнімдерді өндіру көлемі жаңа өндірісті құру, жұмыс істеп тұрған өндірістердің қуаттылығын жаңғырту және өсіру есебінен 2020 жылға қарай 1,8 есеге және 2030 жылға 5,6 есеге ұлғаяды.

Өндірісті кластерлік дамыту перспективалары

Шымкент агломерациясында кластерлік дамудың әлеуетіне мынадай аумақтар ие: Шымкент қаласы (фармацевтикалық, мұнай-химиялық, тоқыма, металлургиялық кластерлер, құрылыс материалдарын өндіру және өсімдік майын өндіру жөніндегі кластерлер), Ордабасы ауданы (ет кластері), Түлкібас ауданы (құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі кластер, жеміс-көкөністі кластер).

Перспективалы кластерлерді дамытуды ынталандыру жалпы жүйелік іс-шараларды қамтуы тиіс.

Кластерді дамытуды қолдау іс-шараларына:

- 1) кооперацияны қолдау мен дамыту және кластер қатысушыларының ынтымақтастығы;
- 2) кластердің адами ресурстарын дамыту (барлық деңгейде кластер процесінің барлық қатысушыларын оқытуды ұйымдастыру, кластер компаниясының басшыларына және мамандарына арналған оқыту бағдарламасын әзірлеу, кластерлер компанияларының қажеттіліктеріне сәйкес қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру, қолданыстағы кластер қажеттілігін ескере отырып, жаңа оқу орындарын құру және жаңғырту);
- 3) инновациялық технологияларды дамыту – азық-түлік, процесті инновацияларды және көрсетілетін қызмет саласында инновацияларды дамыту;
- 4) бизнес-климат пен инфрақұрылымды құру – кластер шеңберінде бизнес жүргізу үшін жағдайларды жақсарту жатады.

Инвестициялық аймақтарды дамыту

Шымкент агломерациясында озық қарқынды даму аймақтарын (инвестициялық аймақтар) қалыптастыру бағыттарының бірі жұмыс істеп тұрған өндірісті кеңейту және жаңа өндірісті құру үшін өндірістік инфрақұрылымды дамытуға орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп жергілікті атқарушы органдардың күштерін шоғырландыру болады.

Орта мерзімді перспективада агломерацияның негізгі инвестициялық аймақтары АЭА мен индустриялық аймақ болуы тиіс.

Перспективада Шымкент агломерациясының инновациялық экономикасының аса маңызды элементі "Оңтүстік" АЭА болады, перспективалы қызметі мақта өңдеу өндірісін, тоқыма және тігін өнеркәсібін технологиялық дамытуға және тоқыма өнімдерін өндіруге, жоғары технологиялық өндіріске әлемдік сауда маркалары

өндірушілерін тартуға, өндірілетін тоқыма өнімдерінің сапасын жақсартуға және ассортиментін кеңейтуге, өнімнің жаңа түрлерін игеруге, инвестицияларды тартуға бағытталатын болады.

Шымкент агломерациясының аумағында үш жұмыс істеп тұрған индустриялық аймақ орналасқан (Шымкент қаласында – "Оңтүстік" және Қазығұрт, Түлкібас аудандарында – тамақ өнімдерін өндіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін (көкөніс пен жеміс-жидек) өңдеу және құрылыс материалдарын өндіру, жиһаз өндірісі) және 2 индустриялық аймақ пайдалануға беру сатысында (Ордабасы ауданында "Бадам" және Шымкент қаласында "Тассай" индустриялық аймақтары).

"Бадам" және "Тассай" индустриялық аймақтарын құру болашақта фармацевтика, машина жасау және құрылыс индустриясы сияқты өңір экономикасының басым салаларын кластерлік дамытудың іргетасы болып қалыптасады.

Сондай-ақ Шымкент агломерациясының аумағына кіретін басқа да аудандарда индустриялық аймақтарды құру мүмкіндігі бар.

Индустриялық аймақтарды құру бірқатар міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- 1) өндірістің жалпы көлемін ұлғайту;
- 2) инвестициялық ресурстарды тарту және озық инновациялық технологиялардың трансферті;
- 3) өнеркәсіптік секторда білікті кадрларды даярлау мен пайдалану жүйесін қалыптастыру.

Инвесторларды тартуда инвестициялық қызметті тиімді дамыту және агломерацияның бәсекелестік артықшылықтарын арттыру үшін барынша аз қажетті іс-шаралар қолданыстағы инвестициялық қызметті дамыту институттарының қызметін жандандыру және жаңа институттарды құру болып табылады, оның ішінде:

- 1) агломерация аумағында инвестицияларды орналастыру жөніндегі кеңестің қызметін қамтамасыз ету;
- 2) инвестициялық аймақтардың жұмыс істеуін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін жергілікті атқарушы органдардың қызметін жандандыру;
- 3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік сияқты инвестицияларды тартудың мамандандырылған институттары қызметінің тиімділігін арттыру және басқалар.

Экономиканың нақты секторына инвестицияларды тартуға және агломерация экономикасын жаңғыртуға жәрдемдесуге қабілетті агломерацияның инвестициялық климатын жақсартуға арналған елеулі шаралар жаңа өндірістерді құру үшін барынша қолайлы жағдайларды қалыптастыратын құрылым ретінде инвестициялық алаңдарды құру және дамыту болады.

Өңіраралық өндірістік байланыстарды дамыту

Агломерация шеңберінде экономикалық байланыстар кеңістікте дамытуды ескере отырып дамитын болады, оның негізгі қағидаты орталық пен периферия арасындағы қатынастарды қамтиды. Кеңістікте дамыту саясатында орталық периферия

тұжырымдамасын пайдалану агломерациялық артықшылықтарды барынша пайдалануға мүмкіндік береді, бұл Шымкент қаласына тән және ол инновациялардың таралуын жылдамдатады.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде құрылыс материалдарын өндіру саласындағы кәсіпорындармен бірге Шымкент агломерациясының тау-кен өндіру кәсіпорындарының ішкі агломерациялық байланыстары дамуы мүмкін. Айталық, Түлкібас, Төлеби және Қазығұрт аудандарында үлкен көлемде өндірілетін әктас пен гипс агломерация шекараларында (атап айтқанда, Түлкібас, Сайрам, Ордабасы ауданы, Шымкент қаласы) құрылыс материалдарын және металлургиялық өнеркәсіп өнімдерін өндірушілерге жеткізіледі.

Ішкі агломерациялық байланыстар сондай-ақ Ордабасы ауданының табиғи құмды жеткізу жөніндегі кәсіпорындары, кірпіш өндіру, автомобиль мен теміржолдарды салу жөніндегі кәсіпорындар, Шымкент агломерациясының барлық аудандарында қалау, сылау және іргетас жұмыстары үшін құрылыс ерітінділерін өндіру жөніндегі комбинаттар, Шымкент қаласындағы, Ордабасы, Сайрам, Төлеби аудандарындағы темірбетон бұйымдарын өндіру жөніндегі кәсіпорындар, сондай-ақ Шымкент қаласындағы, Ордабасы және Сайрам аудандарындағы тауарлық бетонды өндіру жөніндегі кәсіпорындар арасында жолға қойылған.

Көлік шығындары неғұрлым төмен болғандықтан және шикізаттың, яғни домна қожының болуына байланысты Шымкент агломерациясы 100% тәуелділікке ие мына өнімдер: блоктарда, табақта немесе орамдардағы қож мақта, минералды силикат мақта және ұқсас минералды мақта (олардың қоспасын қоса) бойынша Қарағанды облысымен өңіраралық ынтымақтастық нысанындағы инвестициялық жобаларды іске асыру орынды. Өндірісті Түлкібас ауданына орналастыруға болады, онда қож-мақтаны өндіру үшін қосымша шикізат базасы, яғни кірпіш балшығының кен орны, сондай-ақ әктас пен мәрмәр қоспасы болып табылатын негізгі шикізат (домна қожды алмастырғыш) доломит бар. Қож-мақтаны, минералды силикатты мақтаны және осындай минералды мақтаны өндірушілердің өндірістік ішкі агломерациялық байланыстарын Түлкібас ауданының, сол сияқты Төлеби, Ордабасы аудандарының, Шымкент қаласының кәсіпорындарымен кірпіштік саз балшықты жеткізушілерімен ұйымдастыру ұсынылады.

Шымкент қаласында отқа төзімді бұйымдарды дайындау бойынша өндіріс құрған жағдайда кокс жеткізу бойынша өңіраралық кооперациялық байланыстарды жолға қою үшін артықшылықты әріптес ретінде Қарағанды облысы болады.

Қара металдан жасалған тарату клапандарын, реттеуші бекітпелер, шар және өзге де клапандарды, өзектерді, ыстықтай иленген шыбықтарды, электрсіз қыздырылатын радиаторларды шығару жөніндегі өңіраралық кооперациялық ынтымақтастықтың перспективті бағыты шикізатты жеткізу кезінде көлік шығындары аз болғандықтан, Жамбыл облысы болып табылады. Қара металдан жасалған тарату клапандары,

реттеуші бекітпелерді, шар және өзге де клапандарды, өзектерді, ыстықтай шыбықтарды, электрсіз жылынатын, радиаторларды шығару жөніндегі өндірісті Сайрам ауданында орналастыруға болады. Шойын және (немесе) болатты, қара металл сынықтарын жеткізуді Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпорындары жүзеге асыруы мүмкін.

Жалпы ішкі агломерациялық байланыстар мен кооперацияны дамыту үшін Шымкент агломерациясы экономикасының басым секторларында жоғары технологиялық өндіріске бағдарланған кластерлерді қалыптастыру және дамыту болжанып отыр.

## **Инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары**

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту агломерация аумағында өмір сүрудің қолайлы жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сумен жабдықтау

Шымкент агломерациясының аумағы Арал-Сырдария гидрографиялық бассейн аумағында орналасқан.

Шымкент агломерациясын қалыптастыру аймағы аумағының басым бөлігі Оңтүстік Қазақстан облысының орталық және оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан.

Негізгі су артериялары Арыс, Бадам, Келес және Бөген өзендері болып табылады. Өзен негізінен жауын-шашын және көктемдегі еріген қар суымен толады. Жазғы жауын-шашын барынша аз және өзеннің толуына айтарлықтай маңызы жоқ. Күзгі және қысқы жауын-шашынның мол болуы күзгі және қысқы уақыттарда өзеннің сулылығын едәуір деңгейде ұстайды.

Агломерацияның жерүсті су ресурстарының орташа жылдық көрсеткіші 2720 млн. м<sup>3</sup> болып бағаланады. Орташа есеппен жан басына шаққанда жылына 1,54 мың м<sup>3</sup> немесе тәулігіне 4,2 м<sup>3</sup>-ден келеді.

Тұтастай алғанда, облыс бойынша орташа жылдық ағынның көлемі 2720 млн. құрайды, олар толығымен Арал-Сырдария бассейнінде орналасқан аумақта қалыптасады.

Бір тұрғынға шаққанда өзен ағынымен қамтамасыз етудің орташа әлемдік көрсеткіші шамамен 8,0 мың м<sup>3</sup>/жыл құрайды (шекті көрсеткіш, бұл көрсеткіштен төмен болғанда ел (өңір) сумен жеткіліксіз қамтамасыз етілген болып есептеледі – 1,7 мың м<sup>3</sup>/жыл).

Республиканың өзен ағыны ресурстарымен қамтамасыз етілуі жан басына шаққанда 5,9 мың м<sup>3</sup> құрайды және орташа еуропалық көрсеткішке жақын – 5,8 мың м<sup>3</sup>/жыл.

Агломерация аумағында 2016 жылдың басындағы жағдай бойынша 152 кен орны учаскесі орналасқан 120 кен орны барланды. Пайдаланылатын қорлардың жиынтық мөлшері 1006,7 мың м<sup>3</sup>/тәул. (367,5 млн. м<sup>3</sup>/жыл), оның ішінде:

- 1) шаруашылық-ауызсумен жабдықтау - 742,5 мың м<sup>3</sup>/тәул.;
- 2) шаруашылық-техникалық сумен жабдықтау – 34,9 мың м<sup>3</sup>/тәул.;
- 3) шаруашылық-ауызсумен және өндірістік-техникалық сумен жабдықтау – 13,7 мың м<sup>3</sup>/тәул.;
- 4) жерлерді суару – 215,7000 мың/тәул.

Орташа есеппен бір тұрғынға 0,570 м<sup>3</sup>/тәул. жиынтық барланған қор, ал 0,420 м<sup>3</sup>/тәул. шаруашылық ауызсумен жабдықтау үшін барланған қор тиесілі.

Негізгі халық тұратын агломерацияның барлық дерлік аумағы жерасты суларының барланған қорларымен қамтамасыз етілген. Шаруашылық-ауызсу мақсаттарына арналған жерасты суларының барланған қорларының мөлшері халықтың оған тіпті ұзақ перспективадағы қажеттілігін едәуір өтейді.

Қазіргі жағдайда Шымкент агломерациясының экономикасы салаларының қажеттіліктері үшін 1843,2 млн. м<sup>3</sup>/жыл, оның ішінде жерүсті көздерінен 1739,6 млн. м<sup>3</sup> (94%), жерасты көздерінен – 103,6 млн. м<sup>3</sup>/жыл (6%) су алынды.

Өнеркәсіптік қажеттіліктерге су алу 28,3 млн. м<sup>3</sup> (жалпы алудың 1,5%), оның ішінде жерасты сулары 27,5 млн. м<sup>3</sup> (97%) құрады.

Жерасты суларын алу көлемдерінің көп болуы оларды тұрақты суару және су құйылатын су қоймаларын толтыру үшін пайдаланатындығымен түсіндіріледі. Суармалы егін шаруашылығы өңірде негізгі су тұтынушы болып табылады. 2015 жылы тұрақты суаруға су алу 800,6 млн. м<sup>3</sup> немесе жалпы су алудың 43%-ын құрады.

Өндірістік есептерге сәйкес 2020 жылға қарай экономика салаларының су ресурстарын жиынтық алуы тұтастай алғанда агломерация бойынша 1054,2 млн. м<sup>3</sup> және 2030 жылға қарай 1292,5 млн. м<sup>3</sup> құрайды, оның ішінде:

- 1) Шымкент қалалық әкімшілік – 133,4 млн. м<sup>3</sup> және 71,4 млн. м<sup>3</sup>;
- 2) Арыс қалалық әкімшілік – 27,3 млн. м<sup>3</sup> және 71,4 млн. м<sup>3</sup>;
- 3) Бәйдібек ауданы – 38,7 млн. м<sup>3</sup> және 20,1 млн. м<sup>3</sup>;
- 4) Қазығұрт ауданы – 92,2 млн. м<sup>3</sup> және 31,7 млн. м<sup>3</sup>;
- 5) Ордабасы ауданы – 247,0 млн. м<sup>3</sup> және 30,1 млн. м<sup>3</sup>;
- 6) Сайрам ауданы – 162,9 млн. м<sup>3</sup> және 26,0 млн. м<sup>3</sup>;
- 7) Сарыағаш ауданы – 150,6 млн. м<sup>3</sup> және 29,1 млн. м<sup>3</sup>;
- 8) Төлеби ауданы – 63,7 млн. м<sup>3</sup> және 33,4 млн. м<sup>3</sup>;
- 9) Түлкібас ауданы – 39,71 млн. м<sup>3</sup> және 33,4 млн. м<sup>3</sup>.

Агломерация аумағында тұтастай алғанда жерүсті және жерасты сулары бар, оның көлемі экономика салаларының қазіргі заманғы деңгейін және даму перспективасында қажеттіліктерді толығымен қамтамасыз етеді. Осылайша, басқа су көздеріне ауысу мәселесі қаралмайды.

Шымкент агломерациясын сумен қамтамасыз етуді және су бұруды дамыту бойынша ұсыныстар мыналарды қамтиды:

1) Шымкент агломерациясы халқының орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріне қол жеткізу деңгейін 2020 жылға дейін қалаларда тұрғындардың 97% және ауылдық жерлерде – 62% және 2030 жылға қарай 100%-ға дейін, оның ішінде ("Сумен жабдықтау. Сыртқы желілер мен құрылыстар" 4.01-02-2009 ҚР Құрылыс нормалары мен қағидаларының (бұдан әрі – КТҚ) 4-тармағына сәйкес) су құбыры желісін тікелей тұтынушылар учаскелерінің шекараларына өткізе отырып жеткізу;

2) агломерацияның елді мекендерінің ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін (санитариялық-қорғаныштық жасыл екпелерді, орманды белдеулерді, техникалық ауыл шаруашылығы дақылдарын суару) ағынды суларды тазарту дәрежесін рұқсат етілген шекті шоғырлану (бұдан әрі – РШШ) деңгейіне жеткізе отырып, елді мекендер топтары үшін, сондай-ақ тазартылған су сапасын балық шаруашылығы мақсатындағы су қоймаларына арналған сапаға жеткізе отырып, табиғи су қоймаларына шығаруды жүзеге асыру үшін кәріздік тазарту құрылыстарының кешендерін салуды қоса алғанда, орталықтандырылған су бұру жүйесі бар кәріз жүйесімен агломерацияның елді мекендерін қамтамасыз ету (басқарушы нормативтік құжат (бұдан әрі – БНҚ) 01.01.03-94 "Қазақстан Республикасының жерүсті суларын қорғау қағидалары"). Бұл ретте баламалы шешім ретінде техникалық мүмкіндіктер мен құрылыстың экономикалық орындылығын ескере отырып, жекелеген үй иесі немесе үй иелерінің топтары үшін жергілікті тазарту құрылыстарының қондырғысын қолдану ұсынылады;

3) сумен айналмалы жабдықтаудағы тазартылған ағындар бөлігін агломерацияның өнеркәсіптік аймақтарының қажеттіліктеріне пайдалану;

4) тазалау мен зарарсыздандырудың қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып, амортизациялау мерзімі өткен су құбырын тазалау құрылыстарын реконструкциялау, жаңғырту;

5) жерасты суларының кен орындарын қайта бағалауды орындау;

6) жаңа жетістіктер мен технологиялар негізінде кәсіпорындарда айналмалы, тұйық және кезекті сумен жабдықтау көлемін ұлғайту;

7) өнеркәсіптік сумен жабдықтауды техникалық суға ауыстыру (техникалық суды қолдану мүмкін болатын кәсіпорындарда);

8) су шаруашылығы жүйелерін су өлшеудің, суды есепке алудың және суды реттеудің жаңа құралдарымен жаратқандыру;

9) прогрессивті су үнемдеу технологияларын енгізуді экономикалық ынталандыруды қоса алғанда су пайдаланудың тиімділігін арттыру;

10) амортизациялау мерзімі өткен кәріз желілері мен құрылыстарын реконструкциялау және ауыстыру;

11) тазалау мен зарарсыздандырудың қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып, кәріздік тазалау құрылыстарын (бұдан әрі – КТҚ) реконструкциялау, жаңғырту;

12) Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде су бұру желілері мен құрылыстарын дамыту;

13) орталықтандырылған сумен жабдықтау жоқ елді мекендерге су құбыры желілері мен құрылыстарын салу;

14) өзен ағынын реттеу (суару, сумен жабдықтау, тасқынға қарсы іс-шаралар және т.б.).

#### Электрмен жабдықтау

Шымкент ЖЭС-1, 2 жабдығы моральдық және физикалық тұрғыдан тозған, 2006 жылдан бері пайдаланылмайды. Жылу жүктемелері Шымкент ЖЭС-3-ке ауыстырылды.

Бұл ретте ЖЭС-3 электр қуатын ұлғайту көзделмейді. Көп қабатты құрылыс салынған жаңа тұрғын алаптарын жылумен жабдықтау мәселесін дербес қазандықтар салу, электрмен жабдықтау мәселесін жаңа 220/110/10 кВ "Бозарық" қосалқы станцияларын (бұдан әрі – ҚС), 110/10 кВ "Астана 1, 2" ҚС, 110/10 кВ "Нұрсәт" ҚС салу есебінен шешу жоспарланған.

2030 жылға дейінгі кезеңде Шымкент агломерациясы бойынша электр энергиясының теңгерімі 1-кестеде келтірілген.

#### 1-кесте. 2030 жылға дейінгі кезеңдегі электр энергиясының теңгерімі

млрд. кВт.сағ.						
Атауы	2014 ж.	2015 ж.	2020 ж.		2030 ж.	
Қажеттілік	есеп		мин	макс	мин	макс
Электр энергиясын тұтыну	4,2	3,7	3,9	5,2	5,0	6,3
Қамту						
Электр энергиясын өндіру	1,3	0,8	1,8	1,8	2,0	2,0
Жұмыс істеп тұрғаны	1,3	0,8	1,4	1,4	1,4	1,4
Жаңа құрылыс			0,8	0,8	0,8	0,8
Жұмыс істеп тұрғанды кеңейту					0,235	0,235
Тапшы (-), артық (+) ЭЭ	-2,8	-2,8	-2,1	-3,4	-2,9	-4,3

Электр энергиясының теңгерімі тапшылықтармен қалыптасуда, бұл тапшылықтар 2020 жыл деңгейінде 2,1 – 3,4 млрд. кВт.сағ., 2030 жыл деңгейінде – 3,0 – 4,3 млрд. кВт.сағ. құрайды.

Тапшылық оңтүстік өңірде жаңа қуаттарды енгізу және электр желілерін қажетті қосымша күшейтуді ескере отырып, электр энергиясын Қазақстанның бірыңғай энергетика жүйесінің (бұдан әрі – БЭЖ) солтүстік аймағының электр станцияларынан алу есебінен толық өтелетін болады.



Электр жүктемелерінің болжамды өсуіне байланысты Шымкент қаласының айналасында 220 кВ орамды құру үшін 220 кВ "Бозарық" ҚС, 110 кВ "Қайтпас", "Астана – 1, 2", "Ынтымақ", "Алатау", "Южная", "Забадамская", "Ақжар", "1М1" ҚС және т.б. құрылысы көзделіп отыр.

Сарыағаш, Ордабасы және Төлеби аудандарында да жаңа құрылыстар, оның ішінде 220/110/10 кВ "Қызыләскер" ҚС, 220/110/10 кВ "Бадам" ҚС, 110/10 кВ "Алатау" ҚС салу көзделіп отыр.

Жаңартылатын энергия көздерінің объектілерін салу, оның ішінде Бәйдібек және Сарыағаш аудандарында жел электр станциясын, Сарыағаш Түлкібас аудандарындағы Келес өзенінде бірқатар гидроэлектрстанциялар, Ордабасы және Сайрам аудандарында күн электр станциясын салу жоспарланған.

#### Жылумен жабдықтау

Перспективада Шымкент агломерациясы бойынша магистральдық және орамшiлік құбыр желiлерiнiң өткiзу қабiлетiн ұлғайту, ағымдағы және күрделi жөндеу iс-шараларын iске асыру, жылу энергиясы көздерiн салу, реконструкциялау және жаңғырту, жылумен жабдықтаудың сенiмдiлiгiн қамтамасыз ету және энергия үнемдеу технологияларын енгiзу жолымен жылу энергиясын өндiру, тасымалдау және тұтыну кезiнде жылу шығындарын қысқарту қажет.

Шымкент агломерациясының аудан орталықтарының, Шымкент қаласының тұрғын үй және қоғамдық құрылысы бойынша жылу жүктемесi мен жылу тұтынудың болжамды деңгейлерiн бағалау Шымкент қаласының метеостанциялары үшiн "Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы және жылулық қорғауы" ҚР ҚНЖҚ 2.04-21-2010 белгiленген параметрлер негiзiнде орындалды.

Жылытуға, желдетуге және ыстық сумен жабдықтауға бөлінетін жылу ағындары Қазақстан Республикасында қолданыстағы "Жылу желiлерi" мемлекетаралық құрылыс нормаларына (МҚН) 4.02-02-2004 оқу құралына және "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елдi мекендердi жоспарлау және салу" ҚР ҚН 3.01-101-2013 сәйкес жылу тұтынудың iрiлендiрiлген үлес нормалары бойынша есептеу әдiсiмен айқындалған.

2030 жылға дейiнгi кезеңде агломерацияның аудан орталықтары мен Шымкент қаласының бөлінісінде тұрғын үй және қоғамдық құрылыс бойынша жылу тұтыну болжамы 2-кестеде келтірілген.

#### 2-кесте. Тұрғын жай және қоғамдық құрылыс бойынша жылу тұтыну болжамы мың Гкал

Атауы	2020 ж.	2030 ж.
	болжам	
Шымкент қаласы		
Жылу шығысы барлығы, оның ішінде:	7220,5	9263,8
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	4024,8	5163,7
желдетуге	1238,4	1588,9

ыстық сумен жабдықтауға	1957,3	2511,2
Арыс қалалық әкімшілігі		
Жылу шығысы барлығы, оның ішінде:	490,6	787,6
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	273,5	439,0
желдетуге	84,2	135,1
ыстық сумен жабдықтауға	133,0	213,5
Бәйдібек ауданы		
Жылу шығысы барлығы, оның ішінде:	339,1	598,2
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	189,0	333,4
желдетуге	58,2	102,6
ыстық сумен жабдықтауға	91,9	162,2
Қазығұрт ауданы		
Жылу шығысы барлығы, оның ішінде:	670,3	1182,4
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	373,6	659,1
желдетуге	115,0	202,8
ыстық сумен жабдықтауға	181,7	320,5
Ордабасы ауданы		
Жылу шығысы барлығы, оның ішінде:	665,6	1252,4
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	371,0	698,1
желдетуге	114,2	214,8
ыстық сумен жабдықтауға	180,4	339,5
Сайрам ауданы		
Жылу шығысы барлығы, оның ішінде:	2271,6	2287,4
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	1266,2	1275,0
желдетуге	389,6	392,3
ыстық сумен жабдықтауға	615,8	620,1
Сарыағаш ауданы		
Жылу шығысы барлығы, оның ішінде:	1672,1	3391,3
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	932,0	1890,3
желдетуге	286,8	581,7
ыстық сумен жабдықтауға	453,3	919,3
Төлеби ауданы		
Жылу шығысы барлығы, оның ішінде:	953,7	1313,0
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	531,6	731,9
желдетуге	163,6	225,2
ыстық сумен жабдықтауға	258,5	355,9
Түлкібас ауданы		
Жылу шығысы барлығы, оның ішінде:	672,0	1185,5
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	374,6	660,8
желдетуге	115,3	203,3
ыстық сумен жабдықтауға	182,2	321,4

Келтірілген деректерге сүйенсек, перспективада жылу жүктемелері мен жылу тұтыну орташа жылдық қарқынмен 1 – 7%-ға өседі деп күтілуде.

Қалалардың халық санының, өндірістік кәсіпорындар санының өсуімен Шымкент агломерациясында Шымкент, Арыс қалаларында және Төлеби ауданында жұмыс істеп тұрған жылу және бу желілері одан әрі де дамуы тиіс.

Агломерация халқының өмір сүруіне жайлы жағдайлар жасау үшін аудан орталықтарын орталықтандырылмаған көздерден жылумен жабдықтау көзделуде (20 Гкал/сағ. дейін).

"Жеке тұрғын үй құрылыс аудандарын жоспарлау және салу" 3.01-02-2012 ҚР ҚН ұсынымдарына сәйкес жеке тұрғын үй құрылысын жылумен жабдықтауды, әдетте, зауытта жасалған жылу агрегаттары мен сумен жылыту жүйелерін пайдалана отырып орталықтандырылмаған етіп көздеу қажет.

#### Газбен жабдықтау

Оңтүстік Қазақстан облысына табиғи газ жеткізу үшін газ - көлік жүйесінің негізі облыс аумағымен өтетін "Газли-Шымкент", "Бұхара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы" және "Қазақстан – Қытай" магистральдық газ құбырлары болып табылады.

"Бейнеу – Шымкент" магистральдық газ құбыры агломерация аумағын кешенді газдандыруға әкеледі, бұл өнеркәсіп және коммуналдық-тұрмыстық саланың бірқатар объектілерін табиғи газға ауыстыруға, сондай-ақ оны жылыту үшін пайдалануға мүмкіндік береді.

Шымкент қаласы бойынша "Тассай" (Сайрам), "Азат", "Қызылсай", "Исфиджаб", "Көкбұлақ", "Алтынтөбе", "Сайрам", "Тұрдыбад", "Абдулабад", "Қызылсу", "Елтай", "Тоғыс", "Ақжар" жаңа тұрғын үй аудандарын, сондай-ақ әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық объектілерді газдандыру көзделіп отыр.

Арыс қалалық әкімшілігін және Шымкент агломерациясының аумағында орналасқан елді мекендерді одан әрі газдандыру автоматтандырылған газ тарату станциясын, жоғары қысымды газ құбырларын, кентішілік газ желілерін салу, жеке шкафтық тарату пункттерін орнату арқылы ұсынылады.

Тұтастай алғанда, агломерация аумағын одан әрі газдандыру үшін жұмыс істеп тұрған газ желілерін реконструкциялау және үнемділік, сенімділік пен экологиялық қауіпсіздіктің қазіргі талаптарына сәйкес келетін жаңаларын салу жұмыстарын жалғастыру қажет.

Елді мекендерді газдандыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру агломерацияны газбен жабдықтау деңгейін 2030 жылға қарай іс жүзінде 90%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі шаралар шеткі аймақтарда ядроға барынша жақындатылған жағдайлар жасауға және халық пен бизнес үшін олардың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

## Көлік инфрақұрылымын кешенді дамыту шаралары

Шымкент агломерациясының аумағы бойынша республикадағы қазіргі теміржолдар желісі негізінде қалыптастырылған үш халықаралық көлік дәлізі өтеді:

1) Трансазиялық теміржол магистралінің оңтүстік дәлізі: Түркия, Иран арқылы Оңтүстік Шығыс Еуропа – Қытай және Оңтүстік Шығыс Азия, Орталық Азия елдері мен Қазақстан (Достық – Ақтоғай – Алматы – Шу – Арыс – Сарыағаш учаскесінде);

2) TRACECA: Шығыс Еуропа – Орталық Азия, Қара теңіз, Кавказ және Каспий теңізі арқылы (Достық – Алматы – Ақтау учаскесінде);

3) Орталық Азия – "Ташкент – Шымкент – Озинки – Шығыс Еуропа" қатынасы.

Бұдан басқа, Шымкент агломерациясының аумағы бойынша мынадай автокөлік дәліздері өтеді:

1) "Ташкент – Шымкент – Тараз – Бішкек – Алматы – Қорғас";

2) "Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал – Самара";

3) "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық автокөлік дәлізі.

Агломерацияның қазіргі заманғы инфрақұрылымы әуе және құбыр желісі көлігімен, сондай-ақ көлік инфрақұрылымы объектілерімен толықтырылады.

Жеңіл рельсті көлік сияқты жүрдек қалалық және қала маңына қатынайтын жолаушылар көлігінің қазіргі заманғы жүйелері мен үлкен тасымалдау қабілетіне ие жүрдек автобус тасымалдары жүйесінің болмауы Шымкент қаласының көлік жүйесінің негізгі проблемасы болып табылады.

Қала маңындағы бағыттарда халықтың жолаушылар тасымалдарына қажеттілігін өтейтін автомобиль көлігіне балама жоқ. Агломерацияның автомобиль көлігін дамытуға кедергі келтіретін себептердің бірі жұмыс істеп тұрған жол инфрақұрылымы, облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда жол төсемінің көтеру қабілетінің жойылуы болып табылады.

Шымкент агломерациясының көлік инфрақұрылымын дамытудың жобалық ұсыныстары Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасында белгіленген перспективалық бағыттарды ескере отырып әзірленді.

Теміржол көлігі инфрақұрылымын дамыту бойынша:

2020 жылға қарай – Арыс қаласының теміржол вокзалының жұмыс істеп тұрған жолаушылар кешенін реконструкциялау;

2030 жылға қарай:

1) Шымкент қаласының солтүстік жағынан екінші айналмалы теміржол тармағын салу;

2) жүк сұрыптау станциясы мен "Шымкент – 2" жаңа теміржол вокзалын салу ұсынылады.

Автомобиль көлігін дамыту бойынша:

2020 жылға қарай:

- 1) Оңтүстік айналма (ішкі жартылай айналма) жолын салу;
- 2) Шығыс айналма жолын салу;
- 3) Солтүстік айналма жолын салу;

4) жол айырықтары мен жаяу жүргіншілер жолдарын салу: Темірлан тас жолы – Алматы – Ташкент (Бекжан базарының аумағындағы Ташкент айналма жолы айрығының жобасы): Қонаев – Рысқұлов көшелерінің қиылысындағы жол айырығының жобасы; Бәйдібек би – Арғынбеков, Бәйдібек би – Назарбеков, Бәйдібек би – Астана; Сайрам – Жібек жолы; Бәйдібек би – Кіші айналма жолы; Халыққа қызмет көрсету ауданында Республика даңғылы бойындағы жаяу жүргіншілер жолдары; Самал базарының аумағында Рысқұлов көшесі бойынша; Темірлан тас жолы бойымен – Мангельдин көшесі;

5) "Шымкент – Ақсу" қатынасындағы облыстық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау;

6) "Шардара – Арыс – Темірлан" қатынасындағы Арыс қаласының автомобиль жолын реконструкциялау;

7) "Т. Рысқұлов – Түлкібас" облыстық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау;

8) Леңгір, Арыс қалалары мен Ақсукеңт, Жібек Жолы, Қазығұрт елді мекендерінің автостанцияларын реконструкциялау ұсынылады.

2030 жылға қарай:

1) Шымкент қаласының Оңтүстік айналма (сыртқы жартылай айналма) жолын салу (Темірлан ауылы – Ақбұлақ ауылы – Еңбекші ауылы – Сұлтанрабат ауылы – Зертас ауылы – Мартөбе ауылы – Құрлық ауылы);

2) Сарыағаш қаласының айналма жолын салу;

3) Шымкент – Леңгір автомобиль жолын реконструкциялау;

4) "Шаян – Екпінді"; "Шаян – Ағыбет"; "Шаян – Шақпақ"; "Мамбетов – Рабат", "Шарапхана – Жаңабазар"; "Қазығұрт – Тұрбат"; "Төрткөл – Обручевка"; "Чубаровка – Обручевка"; "Көксәйек – Ақсу – Шаян – Мыңбұлақ – Қарамұрт"; "Көмешбұлақ – Ақсу"; "Леңгір қаласына кіру жолы"; "Шымкент – Достық – Көксәйек"; "Көксәйек – Ұзынарық – Діқанкөл"; "Бадам – Шұбар – Қарабұлақ – Састөбе – Жаскешу – Түлкібас"; "Түлкібас – Жабағылы – Абайыл – А-2 р/д" облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау;

5) Шаян, Темірлан, Т. Рысқұлов кенттерінде автостанциялар салу;

6) жұмыс істеп тұрған автовокзалдарды Шымкент қаласының шеткі аймағына шығару: шығыс бағытта (Тараз қаласы) Көктем автовокзалын шығару, оңтүстік бағытта (Ташкент қаласы) "Шымкент қала аралық автовокзалы" автовокзалын шығару,

солтүстік бағытта ("Шымкент – 2" жаңа теміржол вокзалының аумағы) "Самал" автовокзалын шығару, солтүстік-батыс бағытта (Шымкент қаласы әуежайының аумағында) "Алаш" және "Бекжан" автовокзалдарын шығару;

7) зияткерлік көлік жүйесінің жол қозғалысын басқарудың автоматты жүйесін енгізу;

8) Темірлан тас жолының бойында, әуежай ауданында жобалық автовокзалдан бастап одан әрі Т. Рысқұлов және Жібек Жолы көшелерінде, Тараз қаласының бағытында жобалық автовокзалға дейін жеңіл рельсті көлік желісін (бұдан әрі – LRT) салу;

9) жаңа теміржол вокзалынан бастап Бәйдібек би көшесінің, Қонаев және Республика даңғылдарының бойымен Ташкент қаласына шығатын тас жол бағытындағы жобалық автовокзалға дейін LRT желісін салу;

10) 4 көлік-ауысып отыру торабын салу: әуежай, жаңа теміржол вокзалы мен Тараз және Ташкент қалаларының бағыттарындағы шығарылған автовокзалдар ауданында.

Әуе көлігінің инфрақұрылымын дамыту бойынша 2020 жылға қарай Шымкент халықаралық әуежайының аэровокзал кешенін реконструкциялау мүмкіндігін қарау ұсынылады.

2020 жылдан кейін Шымкент қаласында жаңа әуежай салу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Құбыржол көлігінің инфрақұрылымын дамыту бойынша:

2020 жылға қарай:

1) Шымкент агломерациясының шекарасында магистральдық мұнай құбырларын ішкі құбырлық диагностикалау бойынша жұмыстар жүргізу;

2) "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырлары мен "Қазақстан – Қытай" магистральдық газ құбырының үшінші желісін салуды аяқтау ұсынылады.

Мұнайды тасымалдау және транзиттеу көлемін ұлғайту мақсатында 2030 жылға қарай магистральдық мұнай құбырларын инновациялық технологияларды пайдалана отырып үлкен диаметрге кезең-кезеңмен ауыстыру ұсынылады.

Көлік логистикасын дамыту бойынша 2020 жылға қарай Шымкент қаласында және Сарыағаш ауданында көлік-логистикалық орталықтарын (бұдан әрі – КЛЮ) салу ұсынылады.

Шымкент агломерациясының көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жоғарыда аталған ұсыныстарды іске асыру агломерация өзегі – Шымкент қаласына түсетін көлік жүктемесін азайтуға, қоғамдық (жедел) көлік жүйесін танымал етуге және жетілдіруге, халыққа сапалы көлік қызметін көрсетуге, оңтайлы көше-жол желісін қалыптастыруға, жолдардың сапасын жақсартуға, КЛЮ ірі инфрақұрылымдық объектілерін іске асыруға мүмкіндік береді.

**Әлеуметтік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары**

Шымкент агломерациясының аумағында мынадай қызмет көрсету орталықтары айқындалды:

1) өңіраралық деңгейде (агломерация өзегі – Шымкент қаласы), ол сондай-ақ өңірлік қызмет көрсету деңгейі орталығының (облыс орталығы) функцияларын атқарады;

2) агломерация қалаларының ауданаралық деңгейінде: Арыс, Сарыағаш, Леңгір қалалары, олар аудандық қызмет көрсету деңгейі орталығының функцияларын атқарады;

3) аудандық деңгейде аудан орталығы мәртебесі берілген қалалық және ауылдық елді мекендер: Арыс, Сарыағаш, Леңгір қалалары, Шаян, Қазығұрт, Темірлановка, Ақсукуент, Т. Рысқұлов кенттері;

4) жергілікті деңгейде – ауылдық округтердің орталықтары (79 ауылдық округ);

5) қоныстық деңгейде – ауылдық округтердің елді мекендері (363 ауылдық елді мекен).

Әрбір қонысқа оның мәртебесіне байланысты белгілі бір қызмет көрсету мекемелері жинағы ұсынылады:

1) өңіраралық және өңірлік деңгей үшін (күнделікті, мерзімді, эпизодтық қызмет көрсету объектілерінің толық кешені);

2) ауданаралық деңгей үшін (күнделікті, мерзімді қызмет көрсету объектілерінің толық кешені, эпизодтық қызмет көрсетудің жекелеген объектілері);

3) аудандық деңгей үшін (күнделікті, мерзімді қызмет көрсету объектілерінің толық кешені);

4) жергілікті деңгей үшін (күнделікті қызмет көрсету мекемелерінің толық кешені және мерзімді қызмет көрсетудің жекелеген объектілері);

5) қоныстық деңгей үшін (күнделікті қызмет көрсету мекемелері).

Шымкент агломерациясы агломерация халқының қызмет көрсету саласының объектілерімен біркелкі қамтамасыз етілмеуімен сипатталады, қамтамасыз ету Шымкент қаласында жоғары, ал облыстың елді мекендерінде төмен. Агломерацияда халықтың білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет объектілерімен қамтамасыз етілуі нормативтік деңгейден төмен екені байқалады.

Шымкент агломерациясының өңіраралық схемасы шеңберінде агломерацияның әлеуметтік саласы объектілерінде қазіргі жағдайды талдау, халықтың болжамды саны және оның "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылыс салу" 3.01-101-2013 ҚР ҚН-ға сәйкес демографиялық құрылымы негізінде сараланған жолмен орындалған нормативтік қажеттілігі берілген. Бұл ретте агломерация халқын әлеуметтік инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету бойынша мәселелерді бюджет мүмкіндіктерін ескере отырып және мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде қарау қажет.

## Білім беру инфрақұрылымы

2015 – 2016 оқу жылының басына агломерацияда 854 мектепке дейінгі ұйым ( Оңтүстік Қазақстан облысының мектепке дейінгі ұйымдарының 59%) жұмыс істеді. 3 – 6 жас аралығындағы балаларды қамту 81,4%-ды құрады. 2020 жылдың соңына қарай жобала мектепке дейінгі ұйымдар орындарын 35%-ға ұлғайту, ал 2030 жылдың соңына қарай 67%-ға ұлғайту көзделген. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дейінгі білім берумен қамту 2020 жылға қарай 100%-ға жетеді.

2015 – 2016 оқу жылының басына Шымкент агломерациясында 566 күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеді (Оңтүстік Қазақстан облысы мектептерінің 55%). Шымкент агломерациясы мектептерінің жалпы санының 30% (167 мектеп) қалалық жерде жұмыс істеді. Күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер арасында 74 шағын жинақталған мектеп (агломерация мектептерінің 13%) болып табылады. 18 мектепте оқу үш ауысымда жүргізілді (агломерация мектептерінің 3%). Авариялық жағдайда – 10 мектеп (агломерация мектептерінің кемінде 2%, облыс мектептерінің 1%). Мектептердің жалпы санының 421 немесе 74% үлгілік ғимараттарда жұмыс істеді. 2000 жылдан бері Шымкент агломерациясының шекарасында 215 мектеп салынды, бұл облыстың пайдалануға берілген мектептерінің 55%-ынан астамы.

Халықтың демографиялық құрылымына байланысты бір ауысымда оқытуды және жалпы білім беретін мектептердің қол жетімділік радиусын сақтауды ескере отырып, мектептердегі оқушы орындарының саны нормативтік көрсеткіштерге сәйкес келуі қажет. Қызмет көрсетудің республикалық, өңіраралық, ауданаралық, аудандық және жергілікті деңгейлері үшін мамандандырылған мектептерді, гимназияларды, лицейлерді немесе басқа да қазіргі заманғы форматтағы орта білім беретін мектептерді дамыту болжанып отыр. Шымкент агломерациясында 2020 жылға қарай жалпы білім беретін мектептердегі оқушы орындарының санын 17%-ға, 2030 жылға қарай 86%-ға ұлғайту туралы мәселені пысықтау орынды.

## Денсаулық сақтау инфрақұрылымы

2016 жылдың басына Шымкент агломерациясының шекарасында жобалық қуаты 10024 төсекті құрайтын стационарлық көмек көрсететін 90 медициналық ұйым және 164 амбулаториялық-емханалық ұйым (бұдан әрі – АЕҰ) жұмыс істеді. Халықтың стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдармен қамтамасыз етілуі 10 мың адамға шаққанда 50,4 төсекті құрады. 10 мың адамға шаққанда АЕҰ жобалық қуаты ауысымда 72,2 келуді құрайды.

Стационарлық көмек көрсететін ұйымдардың төсек орын қоры 2020 жылға қарай 11%-ға, 2030 жылға қарай 28%-ға ұлғаяды. Бұл ретте халықтың төсек орындарымен қамтамасыз етілуі барлық уақыт кезеңдеріне 10 мың адамға шаққанда 50 төсекті құрайды.



2020 – 2030 жылдарға арналған АЕҰ жобалық қуаты 10 мың адамға шаққанда 203 келуді құрағанда, АЕҰ нормативтік қажеттілігі 2020 жылға қарай ауысымда 44,3 мың келуді, 2030 жылға қарай 52,1 мың келуді құрайды.

#### Әлеуметтік қамсыздандыру

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2016 жылдың басында агломерацияда 303 адамды қамтитын қарттар мен мүгедектерге арналған 1 медициналық-әлеуметтік мекеме (бұдан әрі – МӘМ), 1112 адамды қамтитын психоневрологиялық аурумен ауыратын мүгедектерге арналған 4 МӘМ, жалпы 414 адамды қамтитын психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балалар мен тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедек балаларға арналған 2 МӘМ жұмыс істеді.

2030 жылға қарай жобалық қуаты 50 орыннан аспайтын шағын жинақталған интернат үйлерін салу және жобалық қуаты 10-нан 50-ге дейін төсек орынды құрайтын күндізгі келу бөлімшелері түріндегі әлеуметтік қызмет көрсетудің баламалы нысандарын дамыту мәселелерін қарау орынды.

#### Тұрғын үй қоры

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысымен бекітілген "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасына сәйкес қолжетімді тұрғын үйдің тапшылығы мәселесін шешу үшін аса перспективалы және қолжетімді құрал ретінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысының көлемдері ұлғаюда.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша Шымкент агломерациясының тұрғын үй қоры 2016 жылдың басына жалпы ауданы 30,6 млн. м<sup>2</sup> тұрғын үйді құрады (Оңтүстік Қазақстан облысының тұрғын үй қорының 64,6%). Қалалық тұрғын үй қоры 58% немесе жалпы алаңы 17,8 млн. м<sup>2</sup> болып есептелді. Шымкент агломерациясы халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету жан басына 17,1 м<sup>2</sup>, қалалық қоныстарда – 17,9, ауылдық қоныстарда 16,0 м<sup>2</sup> құрады.

Жобада Шымкент агломерациясының тұрғын үй қорын 2020 жылға қарай 42%-ға, 2030 жылға қарай 93%-ға ұлғайту ұсынылады. Бұл ретте халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету 2020 жылға қарай жан басына шаққанда 24,9 м<sup>2</sup> деңгейге, 2030 жылдың соңына қарай жан басына шаққанда 26,2 м<sup>2</sup> деңгейге жетеді.

#### Мәдениет инфрақұрылымы

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша 2016 жылдың басында Шымкент агломерациясында 1,6 мың орындық 5 театр, 1,2 мың орындық 10 кинозалы бар 3 кинотеатр, 21,0 мың орындық клуб үлгісіндегі 128 мекеме, кітапханалық қорында 5,7 млн том сақталатын 216 кітапхана жұмыс істеді.

Агломерация халқын клуб үлгісіндегі мекемелермен қамтамасыз етудің нормативтік деңгейіне қол жеткізу 2020 жылға қарай 18,7 мың орынды (нормативтік

қажеттіліктің 9%-ы), 2030 жылға қарай тағы 20,6 мың орынды іске қосу арқылы мүмкін болады.

### Дене шынықтыру мен спорт инфрақұрылымы

2016 жылдың соңында агломерация аумағында жалпы пайдаланудағы (еден алаңы 32,9 мың шаршы метр) 90 спорт залы және 16 бассейн (су беті 7,1 мың шаршы метр) жұмыс істейді. Жобалаудың аралық мерзімінің (2020 жыл) соңына қарай жалпыға ортақ пайдаланылатын спорт залының алаңы еден алаңының 53,9 мың шаршы метрін, бассейн алаңы су беті алаңының 13,6 мың шаршы метрін құрайды. Есептік мерзімнің (2030 жыл) соңына қарай жалпыға ортақ пайдаланылатын спорт залының алаңы еден алаңының 162,2 шаршы метрін, бассейн алаңы су айнасы алаңының 46,5 мың шаршы метрін құрайды.

Шымкент агломерациясының халқын әлеуметтік сала объектілерімен қамтамасыз ету деңгейі жобалаудың есептік мерзіміне қарай нормативтік көрсеткіштерге жетеді.

## **Рекреациялық инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары**

Қазіргі уақытта Өңірлерді дамыту бағдарламасына сәйкес ел ауқымында Шымкент қаласы "бірінші деңгейдегі" қала болып айқындалды. Шымкент қаласы агломерация орталығы болып табылады, нәтижесінде ол өзінің экономикалық әлеуетімен елдің агломерация орталығы болуы мүмкін.

Туризмнің дамуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі жолаушылар авиатасымалы болып табылады. Агломерация орталығы – Шымкент қаласында республикалық маңызы бар әуежай жұмыс істейді. Шымкент қаласы арқылы халықаралық маңызы бар жол өтеді – М-32 "РФ шекарасы (Самараға) – Шымкент", А-2 "Өзбекстан шекарасы (Ташкентке) – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас"). Шымкент "Қызылорда – Шымкент – Тараз" қатынасындағы теміржол арқылы Жамбыл және Қызылорда облыстарын байланыстырады. Ресей мен Қытайға ішкі және халықаралық транзитті қамтамасыз ететін "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" транзиттік дәлізі өтеді.

Шымкент агломерациясы аумағының бір бөлігі ерекше реттеу жүйесі бар аумаққа кіреді. Агломерация аумағында республикалық маңызы бар ЕҚТА шоғырланған: 1 қорық, 1 мемлекеттік табиғи парк, 3 мемлекеттік табиғи қаумал.

Шымкент агломерациясында республикалық маңызы бар бальнеологиялық көздер бар: Манкент – Шымкент қаласының солтүстік шығысына қарай 25 км, Сарыағаш – Сарыағаш курортының аумағында.

Агломерацияның туристік-рекреациялық инфрақұрылымын дамытудың оң аспектілеріне:

- 1) аумақтың елеулі табиғи туристік-рекреациялық әлеуеті;
- 2) тиімді географиялық жағдай (шекара маңы жағдайы, транзиттік дәліз);
- 3) туризмнің барлық дерлік түрлерін дамытудың кең мүмкіндіктері;

4) өңірлік туристік өнімдердің жеткілікті санының болуы (көп күндік кешенді турлар, сондай-ақ демалыс күні, экскурсия және т.б. турлары);

5) туроператорлар, саланың басқа да ұйымдары арасында халықаралық әріптестік желісін дамыту жатады.

Шымкент агломерациясы туризмінің бәсекеге қабілеттілігін төмендететін себептерге мыналар жатады: туризм, жол бойындағы сервис инфрақұрылымын дамыту деңгейінің жеткілікті болмауы; отандық туристік өнім танымалдығының төмен болуы және жеткілікті дәрежеде алға жылжытылмауы; білікті кадрлардың жетіспеушілігі; агломерация орталығына тартылатын аумақтардың туристік-рекреациялық инфрақұрылымын дамыту үшін қаржыландыру іс-шаралары деңгейінің жоғары болмауы.

Мәдени-танымдық туризмнің дамуына сәулет, археология, тарих, этнография, мәдениет және өнер ескерткіштерінің, музей, архив жәдігерлерінің, дәстүрлі ұлттық кәсіптерді қамтитын тарихи-мәдени көрікті жерлерінің болуы себеп болады. Агломерация аумағында олардың көп болуы өңірдің күшті жағы болып табылады.

#### Экологиялық және жағажай туризмі

Шымкент агломерациясының табиғи әлеуеті шын мәнінде экологиялық туризмді дамыту үшін қолайлы туристік және рекреациялық аймақтардың дамуын алдын ала белгіледі.

Шымкент агломерациясының аумағында орналасқан немесе оның шекарасына жақын республикалық және жергілікті маңызы бар ЕҚТА-да экологиялық туризмді дамыту ұсынылады, бұл:

1) Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қаумалы, мұнда Қызылжар, Қызөлгенкөл, Айнакөл, Шұңкөлдік, Бұғылытөркөл көлдері; Ақсу Арабиік, Көксай, Ақсай, Жабағылы өзендері; Жабағылытау, Талас Алатауы (Қасабұлақ Бұғылытөр шыңы), Сарытау және Ақсуат солтүстігіндегі тау жоталары, Ақсу каньоны және т.б. орналасқан;

2) Сайрам-Өгем мемлекеттік табиғи паркі, мұнда Сусіңген көлі, Сарыайғыр, Бадам, Ұлар өзендері; Сарыайғыр аңғары; Мыңжылқы, Шағыртас, Қырыққыз шатқалдары, Тікенек және Ұлыжұрт асулары бар;

3) Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағы;

4) Арыс және Қарақтау мемлекеттік қорық аймағы;

5) Ақдала мемлекеттік табиғи қаумалы (ботаникалық);

6) Дария мемлекеттік табиғи қаумалы (ботаникалық);

7) Жамбыл мемлекеттік табиғи қаумалы (ботаникалық);

8) Боралдай мемлекеттік табиғи қаумалы (ботаникалық).

Шымкент агломерациясының аумағында 12 жергілікті маңызы бар ЕҚТА бар.

ЕҚТА аумағында табиғи кешендердің табиғи жағдайын едәуір бұза алмайтын туризмнің бағыттарын дамыту қажет:

- 1) жеке келуші туристерге немесе шағын туристік топтарға арналған жаяу сапарлар, велосипед, автомобиль, ат сапарлары;
- 2) орнитологиялық турлар, фотоаулау;
- 3) ғылыми-танымдық турлар, ауылдық туризм;
- 4) әуесқой (спорттық) аң аулау және балық аулау;
- 5) тікұшақтағы турлар, джип-сафари, квадро турлар.

Экологиялық туризмді дамыту үшін Ордабасы ауданында Бадам және Бөген (Бөген ауылдық округі) су қоймаларының жақын маңындағы аумақтарда ұлттық стильдегі этнографиялық парктерді (ауылдарды) орналастыру қажет.

Бадам, Бөген және Тоғыс су қоймаларының жағасы ұйымдастырылған жағажай аумағы бар демалыс аймақтарын орналастыру үшін ыңғайлы.

Шымкент агломерациясының жергілікті халқы мен қонақтарының қысқа уақыттық демалыс өткізуі үшін перспективада қысқы және жазғы уақыттарда сервистік қызметтер ұлғайтылатын жұмыс істеп тұрған базалар мен демалыс аймақтарын пайдалану қажет.

#### Балалар-жасөспірімдер туризмі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Республикалық қосымша білім беру ғылыми-әдістемелік орталығы" республикалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – РМКК) деректеріне сәйкес Шымкент агломерациясында 2015 жылы туристік-өлкетану бағытымен жас туристер мен натуралистер станциясында 9 520 бала қамтылды және 6-дан 18-ге дейінгі жас аралығындағы балалардың жалпы санының (421157 адам) 2,2% құрады.

Жас туристер мен натуралистер станциясынан басқа инфрақұрылымды күтіп ұстауға және қызмет көрсетуге жұмсалатын ең аз қаржы шығындарын ескере отырып, жазғы уақытта балалардың табиғатта демалуы үшін шатырлы лагерлерді ұйымдастыру қажет.

Жергілікті мемлекеттік басқару шеңберінде балалар-жасөспірімдер туризмін қалыптастыру және одан әрі дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін мына бағыттар бойынша жүзеге асыру мәселесін пысықтау орынды:

1) балалар туризмі мен демалыс мәселесі бойынша балалар-жасөспірімдер туризмі, көрікті жерлер, туристік маршруттар, бағдарламалар, фестивальдар, оқиғалар туралы ақпараттық алаң болып табылатын балалар-жасөспірімдер туризмі сайтын құру, мұнда сондай-ақ туристік-өлкетану объектілері бойынша суреттермен және 3D серуенімен берілген балалар лагерлері, санаторийлер туралы ақпарат орналасатын болады;

2) республикалық туристік жобаларға қатысу: "Менің Отаным Қазақстан" экспедициясы және "Атамекен" өлкетану экспедициясы;

3) жазғы кезеңде оқитын ұйымдастырылған топтарға арналған жеңілдікті жол жүру мәселесін қарастыру, себебі балалармен негізгі іс-шаралар осы кезеңде өтеді;

4) өңір бойынша демалыс күндеріндегі сапарлардың, мектеп оқушылары үшін экологиялық экскурсиялардың кешенді бағдарларын әзірлеу.

Аталған шаралар балалар мен жасөспірімдердің туризміне жаңа даму деңгейіне жетуге және барынша көп баланы қоршаған ортаны тануға, өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге және көшбасшылық дағдыларын меңгеруге тартуға мүмкіндік береді.

#### Мәдени-танымдық туризм

Шымкент агломерациясында мәдени-танымдық туризмді дамытуға тарихи-мәдени ландшафтты кеңінен пайдалану және оны танымал ету ықпал ететін болады.

Ел тағдырындағы тарихи оқиғаларға, қоғам мен мемлекеттің дамуына байланысты қастерлі орындар мен объектілерге ерекше мән берілуі қажет. Шымкент агломерациясының аумағында тарихи-мәдени мұра объектілеріне мыналар:

#### 1) ежелгі қалалар:

Сайрам-Су өзенінде, Шымкент қаласынан 10 км қашықтықта орналасқан Сайрам (Испиджаб) қаласы;

қазіргі заманғы Шымкент қаласындағы парк пен ескі автовокзал арасында орналасқан Шымкент қалашығы;

Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарының қиылысында, Түркістан қаласынан солтүстік-батысқа қарай 40 км қашықтықта орналасқан Сауран қалашығы;

Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 57 км, Шымкент қаласынан солтүстік-батысқа қарай 120 км қашықтықта орналасқан Ежелгі Отырар қаласы;

Шымкент қаласынан солтүстікке қарай 169 км қашықтықтағы Түркістан (Яссы) қаласы.

#### 2) ескерткіштер:

Абдул-Әзиз-Баба кесенесі (IX ғ.), Ибрагим-Ата кесенесі (X-IX ғғ.), Қозы Байзақ кесенесі (XVIII- IX ғғ.), Қарашаш-Ана кесенесі (XVII ғ.), Мірәлі-Баба кесенесі (X ғ.), Қожа Талиға кесенесі (XIX ғ.), Қызыр Пайғамбар мұнарасы (XVIII- IX ғғ.), Ұлықтөбе қонысы (VI-XII ғғ.), Бәйдібек Ата, Домалақ Ана кесенесі, Баба-Ата кесене мешіті, Балегардан ата кесенесі.

#### 3) табиғи объектілер:

##### Бәйдібек ауданы

Кеңестөбе ауылына жақын орналасқан Көктерек ауылдық округіндегі Ақмешіт үңгірі;

##### Қазығұрт ауданы

Шымкент қаласынан 40 метрде Шілтер-Ата табиғи кешені.

##### Төлеби ауданы:

Кемеқалған ауылдық округінің Абай ауылындағы "Ғайып Ерен Қырық Шілтен" тасы;

Кемеқалған ауылдық округінің Ақбастау ауылындағы "Көз ата әулиесі" бұлағы;

Киелітас ауылдық округінің Киелітас ауылындағы "Жылақ Ата" сарқырамасы;

Қасқасүй ауылдық округінің Қарқасу ауылындағы "Мыңшейіт тарихи орны" әулие жері жатады.

Аталған объектілер бойынша тарихи мұраны сақтау, сондай-ақ мәдени-танымдық туризмді тұрақты дамыту үшін азаматтардың мәдени құндылықтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қарастыру қажет.

Шымкент агломерациясында қысқа мерзімді мәдени-оқиғалы шараларды дамытуға арналған бағдар маңызды компонент болуы тиіс: өнер, халық шығармашылығы фестивалі, көрмелік іс-шаралар;

- 1) республикалық кино көрсетілімдер;
- 2) балалар шығармашылығының конкурстары;
- 3) Шымкент қаласындағы мейрамханашылар турнирлері;
- 4) Шымкент қаласындағы қызғалдақтар фестивалі;
- 5) Шымкент агломерациясының аудандары бойынша гастрономиялық турлар;

6) Қазақстан Республикасындағы қытай, өзбек, қырғыз халықтарының рухани мәдениет күні.

Ұлы Жібек жолының бойындағы "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық автомобиль дәлізі мәдени-танымдық туризмді дамыту үшін де және кәсіпкерлікті дамыту, агломерацияның жергілікті халқының жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру үшін де аса өзекті болып табылады.

Емдеу-сауықтыру туризмі

Шымкент агломерациясында бальнеологиялық кластер дамыған. Ауданда өзінің химиялық құрамымен және минералдану деңгейімен анықталатын бальнеологиялық әсері бар минералды сулар басым таралған.

Сарыағаш ауданының аумағында көптеген санаторийлер шоғырланған. Сондай-ақ, санаторийлер агломерацияның басқа да бөліктерінде орналасқан: Арыс санаторийі – Арыс қаласында, Біркөлік – Төлеби ауданы Бүргүлік шатқалында, Манкент – Сайрам ауданы Ақсукент ауылында.

Соңғы жылдары агломерациядағы емдеу-сауықтыру туризмінің кластері елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазіргі заманғы санаторийлер ашылды: "Arai Deluxe", "Көктерек", "Окси-Сарыағаш", "Алтын бұлақ-Сарыағаш" және басқалар.

Көптеген жұмыс істеп тұрған санаторийлер тек сауықтыру қызметтерін емес, эстетикалық сипаттағы қызметтерді де ұсына отырып, қазіргі заманғы тұтынушылардың өсіп жатқан сұраныстарына орай сәтті жұмыс істеуде, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізіп жатыр.

Сонымен қатар, Сарыағаш ауданы Көктерек кентінде халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін емдеу-сауықтыру туризмінің объектілері жұмыс істеп, оларды реконструкциялау, материалдық-техникалық базаны кеңейту қажет.

Халықаралық деңгейдегі бальнеологиялық курортты қалыптастыру үшін агломерация аумағында бірқатар санаторийлерді әртараптандыра отырып өзгерту,

іргелес аумақты жайластыру, ойын-сауық кешендері мен тамақтану объектілерінің санын арттыру арқылы курорттық аймақты дамытудың бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеу орынды.

#### Спорттық-шытырман оқиғалы туризм

Қазіргі бар табиғи әлеуетті пайдалана отырып туризмнің таулы, экстремалды және шытырман оқиғалы түрлерін дамыту және танымал ету халықты белсенді өмір салтына тарту, спортпен айналысу үшін жағдай жасайды, туристерді тартуға ынталандырушы ықпал етеді.

Қасқасу, Бүргүлік шатқалдары, Қаратау тау бөктері қысқа уақыттағы демалысты, спорттың шаңғылы түрлерін, альпинизмді, дельтапланеризмді, сноукайтингті және спорттық-шытырман оқиғалы туризмнің басқа да түрлерін дамытуға септігін тигізеді.

Жыл бойы ұсынылатын қызметтерді одан әрі дамыту және оның спектрін кеңейту үшін әлеуеті бар агломерацияның тау шаңғысы туризмінің перспективалы объектілеріне төмендегі объектілер жатады:

1) Қасқасу аңғарындағы "Eco Village Kaskasu" тау курорты, Төлеби ауданы Қасқасу ауылдық округі Жоғарғы Қасқасу ауылы;

2) "Тау Самалы" сауықтыру орталығына жақын жердегі, Төлеби ауданы Алатау ауылдық округі Нысанбек ауылындағы "Алатау" тау шаңғысы базасы.

Тау шаңғысы курортын дамытуға Төлеби ауданындағы Қасқасу шатқалының табиғи ландшафты (Шымкент қаласынан 50 км) септігін тигізеді. Участке Ақмойнақ және Сұйық өзендерінің сағалары арасында орналасқан.

Белсенді демалысты ұнататындар үшін еліктіргіш джип-сафари, түйелер жарысы, Қызылқұм шөлінің аумағындағы серуендер ұйымдастырылады.

Түлкібас ауданының Арыс ауылдық округінің Керейіт және Төлеби ауданы Қасқасу ауылдық округінің Жоғарғы Қасқасу ауылдарына жақын жерде ат спорты түрі, велосипедте, квадрациклде серуендеу, қысқы уақыт кезеңінде: сноукайтинг, шаңғы жарысы, биатлон, қарда жүргіште серуендеу, ат, ит шегілген шанада серуендеуді жүзеге асыру орынды.

Бадам су қоймасының жағалық аумағында каноэда, байдаркада жүзу, су шаңғысы сияқты спорттың су түрлерін дамыту ұсынылады. Су қоймасының жағалық аумағында өскелең ұрпақты спорттың су түрлеріне оқыту бойынша су станциясын (спорт клубы) құруды қарастыру қажет. Сырдария және Арыс өзендерінің тасу мерзімінде рафтта, байдаркада, қайықта, катамаранда, салда жүзуді ұйымдастыруға болады.

Агломерацияның су қоймаларының ихтифаунасының алуан түрлілігі спорттық (эуеской) балық аулаудың эуескойларын мына су қоймаларына тартуы мүмкін: Көксарай су қоймасы (Ақдала ауылдық округі Ақдала ауылы); Бәйдібек ауданындағы Досан-Қарабас су қоймасы; Ордабасы ауданындағы Бөген (Бөген ауылдық округінің Бөген ауылы) және Бұржар (Шымкент қаласынан 35 км қашықтықтағы Бұржар ауылдық округі) су қоймалары; Төлеби ауданындағы Бадам (Бадам ауылдық округінің

Бадам ауылы) Бадам және Төгіс (Шымкент қаласынан 30 км қашықтықта Леңгір тас жолының бойында) су қоймалары.

Агломерацияның табиғи әлеуеті және аңшылық шаруашылықтарының болуы әуесқой (спорттық) аң аулаудың ұйымдастырылған турларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шымкент агломерациясында экологиялық, мәдени-танымдық, емдеу-сауықтыру және спорттық-шытырман оқиғалы туризмді дамыту үшін барлық алғышарттар бар. Шетелде және ел ішінде туризмнің жұмыс істеп тұрған объектілерін танымал етуге баса назар аудару қажет, туристік саланы дамытудың маркетинг компаниясына ребрендинг жүргізу қажет.

#### **4. Табиғатты оңтайлы пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар**

Қоршаған ортаға теріс ықпал тигізетін Шымкент агломерациясының негізгі табиғат пайдаланушылары өнеркәсіптік кәсіпорындар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері, автокөлік, ауыл шаруашылығы болып табылады.

Агломерация аумағындағы едәуір экологиялық проблемаларға мыналар жатады:

- 1) Шымкент қаласы мен басқа да елді мекендердің атмосфералық ауасының ластануы;
- 2) Шымкент қаласында атмосфералық ауаны бақылаудың автоматтық жүйесінің болмауы;
- 3) жерлер мен учаскелердің радиациялық ластануы бойынша дәйекті ақпараттың болмауы (уран өндіру және қайта өңдеу бойынша жұмыстарды жүзеге асыру аудандарында);
- 4) көмуді талап ететін иондалған сәулеленудің өңделіп болған иесіз бірқатар көздерінің жиналуы;
- 5) Шымкент қаласында атмосфераның ластануын бақылаудың стационарлық бекеттер санының жеткіліксіз болуы және оның Леңгір, Сарыағаш қалаларында, Ақсукеңт ауылында болмауы;
- 6) Шымкент қаласы аумағының едәуір бөлігін жерасты суының басуы;
- 7) Шымкент қаласында нөсерлік кәріздің болмауы және ағын суларға тазартылмаған дренажды және нөсер суларын ағызу;
- 8) Қарасу өзеніне іргелес жатқан Шымкент қаласының суы мен аумағының ластануы және қоқыстануы;
- 9) Шымкент қаласының ағынды суларын тазалау құрылыстарының авариялық жағдайда болуы және оның Шымкент қаласының перспективалы тұрғын үй құрылысының аумағында орналасуы;



10) шағын қалалар мен аудан орталықтарының (Сарыағаш қаласы, Ақсукеңт, Т. Рысқұлов ауылдары) ағынды суларының тазалау құрылыстарының болмауы немесе авариялық жағдайда болуы;

11) "Оңтүстікполиметалл" өндірістік кешені (бұдан әрі – ӨК)" АҚ қорғасын зауытына іргелес жатқан Шымкент қаласы жерлерінің қорғасынмен ластануы;

12) Шымкент қаласы Тельман ауданында улы химикаттармен ластанған топырақты зарарсыздандыру;

13) Шымкент қаласында фосфор және қорғасын өндірістерінің жинақталған тарихи қалдықтарын кәдеге жарату проблемасы;

14) өндіріс және тұтыну қалдықтарын өңдеу бойынша мамандандырылған кәсіпорындарының болмауы (өңделген майлар, аккумуляторлар, автошиналар, құрамында сынап бар лампалар және т.б.);

15) қатты тұрмыстық қалдықтардың қарқынды жиналуы;

16) қоршаған ортаның коммуналдық қалдықтардың рұқсат етілмеген үйінділерімен ластануы;

17) Шымкент қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі – ҚТҚ) полигонының аумағына коммуналдық қалдықтарды көму технологиясының тиімсіз болуы;

18) агломерацияның елді мекендерінің, Шымкент қаласының жалпы қолданыстағы көгалдандырылған аумақтар алаңдарының және автомобиль жолдарының жол бойындағы жолақтардың жеткіліксіз болуы.

Шымкент агломерациясының аумағында қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану саласындағы басым бағыттар:

1) атмосфералық ауаның өнеркәсіп пен автокөліктен бөлінетін ластаушы заттардың шығарындыларымен ластануының алдын алу;

2) қоршаған ортаның радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) су ресурстары ластануының алдын алу, қорғау және ұтымды пайдалану;

4) жер ресурстарын қорғау және ұтымды басқару;

5) өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару;

6) биоалуандылық пен ЕҚТА қорғау;

7) агломерация аумағының табиғи-экологиялық қаңқасын дамыту.

Агломерация аумағында атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі негізгі іс-шаралар мыналарды қамтиды:

1) 2020 жылға қарай Шымкент қаласының әуе бассейнінің ластану деңгейін " жоғарыдан" (Атмосфераның ластану индексі (бұдан әрі – АЛИ) 7-13) "төменге" және стационарлық көздерден атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың жалпы шығарындыларының көлемін төмендетуді қамтамасыз ету;

2) Шымкент қаласы мен Сарыағаш ауданының аумағындағы әуе бассейнін қорғау жөніндегі іс-шараларды қарқындалту, мұнда жиынтық үлесі облыс бойынша шығарындылардың жалпы көлемінің 75 %-дан астамын құрайды;

3) қоныстану аймақтарында немесе оларға тікелей жақын маңда орналасқан ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын 2030 жылға қарай перспективалық индустриялық аймақтарға көшіру мәселесін қарау;

4) агломерацияның атмосфералық ауаны ластаушы негізгі кәсіпорындары үшін атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың шығарындыларын төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу: "ПетроКазахстан Ойл Продактс" ЖШС, "Шымкент Мұнай өнімдері" АҚ, "МГКҚ ҚазҚұрылысСервис" АҚ, "Шымкент Октан" ЖШС, "Гелиос" ЖШС, "Интергаз Орталық Азия" АҚ, "Шымкент МГБ" филиалы, "Шымкентцемент" АҚ, "SAS-Tobe Technologies" ЖШС, "Стандарт Цемент" ЖШС, "ТЭЦ-3" АҚ, "AZALA Textile" ЖШС, "AIG Kazakhstan" ЖШС, "Рахат-Шымкент" ЖШС, "Оңтүстікполиметалл" АҚ, "Шымкентмай" АҚ;

5) Шымкент қаласында "ПетроКазахстан Ойл Продактс" ірі мұнай өңдеу кешенінің жұмыс істеуінің экологиялық қауіпсіздігін, оның ішінде оның санитариялық-қорғаныш аймағын сақтау және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

6) Шымкент қаласында орналасқан "Оңтүстікполиметалл" ӨК" АҚ бұрынғы қорғасын зауытының өнеркәсіптік қалдықтары – арсенат-кальций қоқыстарының үйінділерін шаңсыздандыру (мысалы, фитоконсервация әдісімен) жөнінде іс-шаралар жүргізу;

7) агломерацияның елді мекендерін газдандыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

8) КТҚ, өздігінен ағатын кәрізді, Шымкент қаласының күкіртті сутек бөлетін көздер болып табылатын ішкі аулалық кәріздерді реконструкциялауды/жаңғыртуды жүргізу;

9) кәсіпорындар үшін белгіленген санитариялық-қорғаныш аймақтарының жобаларын әзірлеу;

10) Шымкент қаласының кәсіпорындарында өндірістік мониторингілеу жүйесін дамыту, кәсіпорындардың шығарындыларын бақылаудың тиімділігін арттыру;

11) есептік фондық ластануды айқындау жүйелерін енгізу үшін Шымкент, Арыс, Сарыағаш және Леңгір қалаларының атмосферасына бөлінетін шекті жол берілетін шығарындылардың жиынтық томдарын әзірлеу;

12) муниципалды және коммуналдық автопаркті сығылған газға ауыстыру;

13) жол-көлік желісін ұйымдастыруды жетілдіру (жол төсемдерінің енін ұлғайту, бағдаршамдар санын қысқарту, жол қозғалысын басқарудың адаптивті жүйесін енгізу, көлік қозғалысының жылдамдығын ұлғайту, транзиттік көлік және т.б. үшін көп деңгейлі жол айырықтарын, айналма жолдар салу);

14) "Еуро-4" және "Еуро-5" стандарттарының талаптарына сәйкес келетін пайдаланылатын жаңа автокөлік құралдарының үлесін ұлғайту (ішкі қалалық жолаушылар және жүк тасымалдарын жүзеге асыратын автокөлікті қоса алғанда);

15) Шымкент қаласына кіру жолында экологиялық бекеттерді құру және автотасымалдаушыларды отынның баламалы көздеріне өтуге ынталандыру жөнінде іс-шаралар қабылдау;

16) LRT, жедел автобустық және троллейбустық тасымалдарды қоса алғанда, қозғалысқа бөлінген жолақтарды пайдалану және жол қозғалысын басымдықпен реттеу арқылы жолаушылар көлігінің жедел жүйелерін құру;

17) аумақтың табиғи-климаттық жағдайын ескере отырып, велосипед көлігін жылына 365 күн пайдалануға мүмкіндік беретін автомобиль және қоғамдық көлікке балама ретінде велосипед қозғалысы инфрақұрылымын дамыту;

18) Шымкент қаласында қаланың барлық көлік көп жүретін көшелерінде Shymkent-bike автоматтандырылған велосипед жалға беру желісін кеңейту (қазіргі уақытта негізінен қаланың 7 даңғылы мен көшелерінде орналасқан 41 велостанция бар);

19) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – "Казгидромет" РМК) аумақтық бөлімшесінің атмосфералық ауаның ластануын бақылаудың автоматтық және стационарлық (оның ішінде онлайн) бекеттер желісін кеңейту (Шымкент қаласында 6 бекет), оның ішінде оларды агломерацияның аудан орталықтарында – Арыс, Сарыағаш, Леңгір қалаларында, Қазығұрт, Ақсу, Т.Рысқұлов атындағы, Шаян, Темірлан ауылдарында орнату;

20) "Казгидромет" РМК-ның аумақтық бөлімшелерінің мониторингілеу желісін айқындайтын ластаушы заттардың параметрлері мен тізбесін кеңейту;

21) Шымкент қаласының "жасыл белдеуінің" ауданын 2020 жылға қарай "Жасыл аймақ" жобасын жалғастыру шеңберінде 10 мың гектарға жеткізу, сондай-ақ құрылған жасыл екпелерді өз уақытында күтіп баптауды қамтамасыз ету;

22) тұрғын үй құрылысы жағынан ағаш-бұталы екпелер белдеуін міндетті түрде ұйымдастыра отырып, өндірістік кәсіпорындардың санитариялық-қорғаныш аймақтарын (бұдан әрі – СҚА) көгалдандыру, оның ішінде IV, V сыныпты кәсіпорындар үшін – алаңның кемінде 60%, II және III сыныпты кәсіпорындар үшін – кемінде 50%, 1000 м және одан да көп СҚА бар кәсіпорындар үшін – оның аумағының кемінде 40%;

23) экологиялық "таза" электр энергиясын әзірлеу бойынша жобалар әзірлеу, оның ішінде 2020 жылға дейін Бәйдібек ауданында қуаты 40 МВт жел электр станциясын, Арыс қаласына жақын маңда қуаты 14 МВт күн электр станциясын, Сайрам ауданы Сайрамсу өзенінде қуаты 2,5 МВт және Сарыағаш ауданы Келес өзенінде қуаты 4,5 МВт 2 гидроэлектр станциясын салу.

Әсер етудің физикалық факторларынан қорғау бойынша жобалық ұсыныстар мыналарды қамтиды:

1) радиациялық кернеу және радиациялық қауіпті аумақтарда (Түркістан-Шаян радиациялық қауіпті аймағы кіретін Шу-Сарысу провинциясы) дозалық жүктемені қауіпсіз және нормативтік деңгейге төмендету, ең алдымен халықтың тығыздығы жоғары аумақтарда және агломерация аумағының табиғи радиациялық фоны жоғары аймақтарда, оның ішінде Ордабасы және Бәйдібек аудандарының елді мекендері (Қараспан, Б.Исаханов, Темірлан, Шалдар, Кеңес, Жамбыл, Шаян ауылдары);

2) қажетті радиацияға қарсы алдын алу іс-шараларын әзірлей отырып, Созақ ауданының уран кен орындарын өңдеудің агломерация аумағының радиациялық ахуалына ықпалын талдау бойынша жұмыстар жүргізу;

3) әкелінетін және пайдаланылатын құрылыс материалдарын радиациялық бақылау;

4) иондалған сәулелендіру көздерін бақылау;

5) ескірген рентген жабдығын мониторингілеу және ауыстыру;

6) объектілерде радиациялық қауіпсіздікті орнату және қолдау;

7) автокөліктің тұрғын үй аймақтарынан тыс жүруін ұйымдастыру және айналма жолдарының сапасын жақсарту, әсіресе, үлкен жүк және транзиттік автокөлік үшін;

8) көше жол желісінің шуын төмендету үшін магистральдық көшелерді жапырақты тұқымдастармен көгалдандыру;

9) шығаратын шуының деңгейі төмен көліктің экологиялық таза түрлерін қолдану;

10) ұтымды жоспарлы шешімдер қабылдау, санитариялық-қорғаныш аймақтарын құру, сондай-ақ трансформаторлық қосалқы станциялардың шуынан қорғау мақсатында жасанды дыбыстан қорғау конструкцияларын пайдалану;

11) СҚА және теміржол көлігінің шуынан қорғау үшін темірбетон конструкциялардан жасалған шуды қалқалайтын құрылыстарды орнату, бұл оның артындағы шу деңгейін 15-20 дБА-ға төмендетуге мүмкіндік береді;

12) санитариялық-қорғаныш аймағының алаңынан бастап тұрғын үй аудандарына, елді мекендерге дейін көгалдандыруды (40%-ға дейін) ұйымдастыра отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 237 бұйрығымен бекітілген "Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес санитариялық алшақтықтарды сақтау;

13) ұшақтардың ұшу қону трассасының бойында орналасқан аудандарда шуды төмендетуді қамтамасыз ететін тұрғын үйлер мен мекемелерде сыртқы қоршаулардың дыбыс өткізбеуінің жоғары болуы;

14) ұшақтардың ұшу-қону режимін өзгерту (ұшудың арнайы әдістемелері, түнгі ұшуларды шектеу, елді мекендер үстінен ұшуларды шектеу), қазіргі заманғы шусыз әуе лайнерлерді пайдалану;

15) тікұшақ аландарының тұрғын үй аудандарына дейінгі есептік шу аймақтарын сақтау;

16) электрмагниттік өріс көздерін ұтымды орналастыру және қорғаныс құралдарын қолдану, оның ішінде көздерді экрандау;

17) қашықтықпен қорғау, яғни халықты электрмагниттік сәулелену көзінен алшақтату;

18) таратқыштар мен антенналардың сәулелендіруші қуатын азайту;

19) сәулелену көздеріне, оның ішінде қайталама сәулеленуге (желілерге, ғимараттар конструкцияларына, коммуникацияларға) қолжетімділікті шектеу;

20) авиациялық радиолокациялық құралдарды Шымкент қаласы әуежайының аумағында олардың қаланың дамуы мүмкін аумағына тигізетін теріс ықпалын жоюды ескере отырып орналастыру.

Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар мыналарды қамтиды:

1) Бадам, Келес, Арыс өзендерінің ластануын "нормативтік таза" деңгейге дейін төмендету;

2) 2020 жылғы дейін агломерацияның елді мекендерінде сарқынды суларды тазарту құрылыстарын және су бұру желілерін жаңғырту;

3) Шымкент қаласының халқын кәрізбен қамтуды 2020 жылға қарай 62% деңгейіне, 2030 жылға қарай 100%-ға дейін жеткізу;

4) Шымкент қаласының кәріздік тазалау құрылыстарының өнімділігін 2025 жылға қарай 320 мың м<sup>3</sup>/тәул. жеткізу;

5) Шымкент қаласындағы Гидролизный, Ворошиловка, Чапаевка, Оңтүстік шағын аудандарында кәріз желілерін салу;

6) Шымкент қаласында Тассай шағын ауданынан Қайтпас-1 шағын ауданына дейін магистральдық кәріздік коллектор салу;

7) Шымкент қаласының аумағына қосылған елді мекендерде кәріз желілерін салу/реконструкциялау ("Жаңаталап", "Тоғыс", "Базарқакпа", "Жұлдыз", "Қызылжар" тұрғын үй алаптары);

8) ағын суларды терең тазалау арқылы және өнеркәсіптік кәсіпорындарды техникалық сумен жабдықтау үшін әрі өзендер мен жерасты кен орындарынан таза су алуды азайтуға мүмкіндік беретін суармалы егіншілік танаптарында тазартылған ағындарды пайдалана отырып, қала шегі мен қоныстану аумақтарынан тысқары Шымкент қаласының сарқынды суларын биологиялық тазалайтын жаңа кәріздік тазалау құрылыстарын жобалау және салу;

9) агломерацияның шағын аудандары мен аудан орталықтарының, оның ішінде Сарыағаш қаласында, Ақсукеңт, Т. Рысқұлов ауылдарында сарқынды суларды тазалау құрылыстарын реконструкциялау немесе салу;

10) құрғату ұңғымалар желісін қалпына келтіру және кеңейту арқылы, сондай-ақ нөсерлік кәріз салу арқылы Шымкент қаласының едәуір бөлігін жерасты суларының басуының алдын алу;

11) бұрынғы "Оңтүстікполиметалл" ӨК" АҚ қорғасын зауытының өндірістік қалдықтары – арсенат-кальций кектері үйінділерінің Бадам өзенінің су қорғау аймағында орналасуына байланысты оның экожүйесіне тигізетін теріс ықпалын азайту;

12) Қошқарата және Қарасу өзендерін және Шымкент қаласында оларға іргелес аумақтарды тазалау;

13) Шымкент агломерациясының шағын өзендерін түгендеу;

14) "Янгичек" және "Шымкент" каналдарын реконструкциялау және жайластыру;

15) тиісті белгілерді орната отырып, агломерация аумағындағы өзендер мен су қоймаларында су қорғау аймақтары мен белдеулерін жобалау бойынша жұмыстарды жалғастыру;

16) су қорғау аймақтары мен өзендердің жағалық белдеулерінің шегінде әртүрлі объектілерді (оның ішінде техникалық қызмет көрсету пункттерін, автотұрақтарды, автомобиль жуу орындарын) салуға салынатын тыйымды қатаң бақылау.

Жер ресурстарын қорғауды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында:

1) жер қойнауын пайдаланушылардың жалпы кең таралған және басқа да пайдалы қазбаларды заңсыз өндіруін қатаң бақылау және олардың жауаптылығы;

2) ауданы 1,6 мың га агломерацияның бүлінген жерлерінде топырақты қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

3) Шымкент қаласында 18,53 га алаңында "Оңтүстікполиметалл" ӨК" АҚ қорғасын зауытына іргелес ластанған жерлерді қалпына келтіру, оның ішінде аталған аумақтың топырақ жамылғысын фиторемедиациялау бойынша іс-шараларын жүргізу;

4) ауыр металдармен және улы химикаттармен ластанған топырақ жамылғысын көму үшін Шымкент қаласында полигон салу;

5) ағаштардың тұзға және шаңға төзімді түрлерінен қорғағыш жасыл белдеулер құру арқылы шөлейттенуге ұшыраған аудандардағы елді мекендер айналасында көшпелі құмдарды бекіту;

6) ауыл шаруашылығы жерлерінің тозуын төмендету және одан әрі болдырмау үшін егін шаруашылығының бейімделген экологиялық-ландшафттық жүйесін енгізу;

7) қолданылатын агрохимикаттар көлемін төмендету үшін топырақты өңдеудің ресурсты үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз технологияларын қолдану;

8) жерлердің өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластануын болдырмау;

9) топырақ құнарлылығының жағдайы мен серпініне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

10) топырақ жамылғысының жағдайын мониторингтік зерттеу ұсынылады.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару жөніндегі іс-шаралар мыналарды қарастырады:

1) кәсіпорындарда түзілетін қалдықтарды агломерация аумағындағы барлық кәсіпорындар үшін қайталама шикізат ретінде барынша пайдалану;

2) "Оңтүстікполиметалл" ӨК" АҚ қорғасын зауытын Шымкент қаласынан тысқары шығару мәселесін зерделеу;

3) қорғасын зауытының қоқыстарын өңдеу өндірісін құру арқылы "Шымкент қорғасын зауыты" ЖАҚ бұрынғы қорғасын зауытының қорғасын өндірісінің 3,8 млн.тонна көлеміндегі қалдықтарын кәдеге жарату;

4) қоршаған орта мен халық үшін әлеуетті қауіпті көз болып табылатын "Қайнар" ЖШС және "Реактивтік фосфор қосылысы" АҚ фосфор өндірісінің улы қалдықтары – құрамында фосфор бар қалдықты кәдеге жарату;

5) Шымкент қаласындағы құрылыс қалдықтары үшін полигон ашу;

6) пайдаланылған құрамында сынап бар құралдар мен бұйымдарды (люминисценттік шамдар, термометрлер, қызуөлшегіштер, термостаттар);

7) анықталған қараусыз қалған қалдықтар мен ластанған учаскелерді коммуналдық немесе республикалық меншікке, сондай-ақ өңдеу және жою үшін беру;

8) пайдаланылған мотор майларын, аккумуляторларды өңдеу бойынша мамандандырылған кәсіпорындар құру;

9) агломерация аумағында орналасқан кәсіпорындардың қауіпті қалдықтарын паспорттандыру;

10) барлық елді мекендерді жылдам газдандыру, бұл жергілікті үйінділерде қалдықтардың күлқож тәрізді түрін жоюға мүмкіндік береді;

11) ҚТҚ бөлек жинауды, сұрыптауды, кәдеге жаратуды және өңдеуді енгізу, Шымкент агломерациясының ірі елді мекендері үшін (Шымкент, Арыс, Сарыағаш, Леңгір қалалары) 2020 жылға дейін қалдықтармен жұмыс істеу саласында жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған кәсіпорындармен өзара іс-қимыл жасасуы бойынша жол картасын әзірлеу және іске асыру, оның шеңберінде ҚТҚ жеке жинау және кәдеге жаратылатын компоненттерді Қазақстан мен жақын шетелдің өңдеуші кәсіпорындарына жеткізу ұйымдастырылатын болады;

12) агломерация аумағында аймақтық қағидат бойынша ұйымдастырылатын және қалдықтарды автоматтандырылған сұрыптау және өңдеу бойынша өндірістік қуаттылықтарды қамтитын, сондай-ақ инфрақұрылымды, қалдықтарды өңдеудің ақпараттық технологияларын енгізуді талап ететін қалдықтарды басқарудың кешенді жүйелерін құру;

13) облыстың елді мекендерінде коммуналдық қалдықтарды жинау мен шығарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;

14) ҚТҚ сақтауға арналған алаңдарды жайластыру;

15) Шымкент қаласының Достық шағын ауданында (Самал – 3 шағын ауданы) алаңы 18,4 га болатын ҚТҚ полигонын қалпына келтіру;

16) 91 ҚТҚ полигонын реконструкциялау және жаңғырту;

17) Шымкент қаласының солтүстік бөлігінде жаңа ҚТҚ полигонын салу;

18) агломерацияның аудан орталықтары мен ірі елді мекендерінде санитариялық-экологиялық талаптарға сай келетін 34 ҚТҚ полигонын салу (2017 жылы – 12, 2018 жылы – 18);

19) ҚТҚ көлемдерінің өсу қарқынын ескере отырып, 2030 жылға қарай Шымкент қаласы үшін (қуаты жылына 200 мың тонна қалдық) кемінде екі қоқыс өңдейтін зауыт салу;

20) Шымкент қаласында қоқыс өңдейтін зауыттың өңдеу өнімдерін өткізу мәселелерін шешу;

21) мал қорымдарын тиісті жағдайда ұстау бойынша жұмыстар жүргізу, оның ішінде абаттандыру, консервациялау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде іс-шаралар қабылдау;

22) агломерация аумағында тыйым салынған және жарамсыз болып қалған пестицидтер мен оның ыдыстарын көмуге арналған арнайы қойма (қорым) салу туралы мәселені пысықтау, өйткені қазіргі уақытта олар басқа облыстардың мамандандырылған кәсіпорындарына берілуде;

23) улы химикаттарға пайдаланылған ыдыстарды жинау және кәдеге жарату бойынша қызметті жүзеге асыратын ұйым құру.

Агломерация аумағының табиғи-экологиялық қаңқасын дамыту, табиғи экожүйелер мен биоалуандылықты сақтау үшін 2020 – 2030 жылдарға дейін кластерлік учаскелерді (Арыс өзенінің бастауын, Боралдай аңғарының шегіндегі Боралдай және Қошқарата өзендерінің сағасын) енгізу есебінен Ақсу – Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығын кеңейту, сондай-ақ Машат аңғарын ЕҚТА мәртебесіне ауыстыру және оның шекарасын айқындау үшін инвестициялардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Бұдан басқа, орман шаруашылығы мекемелерінің аумағында мемлекеттік орман қорының ормандарын (Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы, Сайрам-Өгем мемлекеттік табиғи ұлттық паркі, "Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі" ММ, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің "Жасыл желек" ММ) молықтыру бойынша жұмыстар жүргізу қажет.

Агломерация аумағындағы елді мекендерде жасыл екпелерді қорғау үшін мынадай іс-шараларды жүргізу ұсынылады:

1) агломерация қалаларында әртүрлі мақсаттағы көгалдандырылған аумақтардың үлес салмағын 40% нормативтік деңгейге жеткізу;

2) агломерацияның барлық қалалары мен Шымкент қаласында жалпыға ортақ пайдаланылатын көгалдандырылған аумақтардың аудандарын жан басына шаққанда 20 м<sup>2</sup> нормативке жеткізу;



3) Шымкент қаласының орманды жасыл аймағының жалпы ауданын 2025 жылға қарай 40,0 мың гектарға жеткізу;

4) Шымкент қаласының айналасында 19 500 га ауданда жасыл белдеу құру жөніндегі жұмыстарды іске асыру;

5) ағаштар, гүлдер отырғызу арқылы Шымкент қаласында 15 га ауданда тәлімбақ ұйымдастыру;

6) Шымкент қаласында жаңа саябақтар мен парктерді жайластыру және ұйымдастыру;

7) облыстың барлық магистральдық автожолдарының жол бойындағы белдеулерін көгалдандыру;

8) қазіргі бар жасыл аймақтарды ескере отырып, Шымкент агломерациясының аумағына кіретін елді мекендер маңайындағы жасыл аймақтарды нормаларға сәйкестендіру.

Ұсынылатын жобалық шешімдер мен іс-шаралар Шымкент агломерациясының аумағында экологиялық жай-күйді тұрақтандыруға және жақсартуға мүмкіндік береді.

Санитариялық эпидемиологиялық саулықты қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар

Соңғы 10 жылда Шымкент агломерациясы халқының әлеуметтік маңызды аурулары көрсеткіштерінің жақсарғандығы байқалады. Оң серпінге қарамастан, қан айналым жүйесінің аурулары 198,7-ден 2734,4-ке (республика бойынша 2429,7) 1,4 есе өсті, қатерлі ісіктер 3 есеге, 94,2-ден 292,4-ке дейін (республика бойынша 207,7) өсті.

Аумақта құтырумен, конго-қырым геморрагиялық қызбасымен, күйдіргімен, бруцеллезбен және листериозбен ауыру жағдайлары тіркелген.

Ордабасы ауданында конго-қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошақтары бар, Төлеби, Қазығұрт және Бәйдібек аудандары күйдіргі ауруы бойынша стационарлық қолайсыз аудандар болып табылады, мұнда соңғы жылдары ауыл шаруашылығы жануарларының арасында орташа есеппен аурумен ауырудың 5 жағдайы тіркелген. Барлық дерлік аудандарда құтырумен және бруцеллезбен ауырудың кездейсоқ жағдайлары туындайды.

Қарастырылатын аумақта санитариялық-эпидемиологиялық сипаттағы бірқатар проблемалар анықталуда. Жүрігізіліп отырған 2 реттік өңдеу жұқтырушыларды кенеге қарсы тиімді өңдеуді қамтамасыз етпейді. Қаланы кеңейтуге және дамытуға байланысты Шымкент қаласының туберкулезге қарсы диспансері қаланың халық тығыз орналасқан ауданында қалып қойды. Сырдария өзені мен Арыс қалалық әкімшілігінің бойындағы елді мекендерде кеміргіштер – жабысқақ қанішерлер санының едәуір ұлғайғандығы байқалады.

Шымкент агломерациясы халқының денсаулығы мен санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын жақсарту үшін 2030 жылға дейін:

1) процедураның тиімділігі үшін кенеге қарсы 4-6 реттік өңдеу;

2) кеміргіштер мен шіркейлерді жою жұмыстарын жүргізу;

3) туберкулезге қарсы диспансерді Шымкент қаласынан тысқары шығару ұсынылады.

Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау

Шымкент агломерациясының аумағында республикалық маңызы бар 10 объект, сондай-ақ өзінің маңыздылығы жағынан әлемдік сәулет жауһарларынан кем түспейтін жергілікті маңызы бар көптеген объектілер орналасқан.

Шымкент агломерациясының мәдени мұрасын сақтау және танымал ету саясатын іске асыру үшін 2030 жылға қарай:

1) қалашық аумағында кейіннен ашық аспан астындағы мұражай жасай отырып, "Шымкент қалашығы" ескерткішін қорғау аймағынан сауда объектілерін ауыстыру/бұзу бойынша іс-шаралар жүргізу;

2) қалаға Ордабасы, Сайрам және Төлеби аудандарының 40 елді мекенін қосуға байланысты Шымкент қаласының аумағында тарихи-мәдени объектілерді түгендеуді жүргізу;

3) Шымкент қаласында Д. Қонаев және Т. Рысқұлов көшелерінің қиылысында орналасқан "Хан қорғаны" жергілікті маңызы бар археологиялық ескерткішін сақталуын қамтамасыз ету және аталған объектіні қорғау аймағын әзірлеу;

4) Шымкент қаласында "Металлургтер сарайы" мәдениет объектісінің сақталуын қамтамасыз ету;

5) қорық аумағында орналасқан барлық ескерткіштердің жаңа қорғау аймақтарын одан әрі әзірлей отырып "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығы" РМҚК аумағында орналасқан сақ қорғандарының, ежелгі қоныстың, қорымдардың санын нақтылау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

6) ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра объектілерінің тізіміне қосуға ұсынылатын Ордабасы ауданындағы төрт ескі елді мекенді (Жуантөбе, Қараспантөбе, Күлтөбе, Бөріжар) қорғау аймақтарын айқындау және оларды пайдалану бойынша менеджмент жүйесін құру ұсынылады.

Аумақтарды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың ықпалынан қорғау жөніндегі негізгі іс-шаралар және азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шаралар

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және халықты қорғау мақсатында Шымкент агломерациясының аумағында перспективада халық пен аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені көзделген.

Түлкібас, Төлеби, Қазығұрт аудандары төтенше жағдайларға бейім.

Тасқынға және су басуға, селге, көшкіндерге, сырғымаларға қарсы әрекет инфрақұрылымымен қамтамасыз ету үшін:

1) тасқынға қарсы қорғағыш дамбылар салу:

Қазығұрт ауданында Үшбұлақ ауылының Келес өзенінде – 200 м., Жаңабазар ауылының Келес өзенінде – 200 м, Жіңішке ауылының Келес өзенінде – 500 м, Ащыбұлақ ауылының Келес өзенінде – 400 м;

Төлеби ауданында Бірінші мамыр ауылының Ақмешіт өзенінде – 400 м, Достық ауылының Ақмешіт өзенінде – 350 м, Көксаяқ ауылының Сайрамсу өзенінде – 500 м, Екпінді ауылының Ақмешіт өзенінде – 300 м;

Түлкібас ауданында Т. Рысқұлов ауылының Арыс өзенінде – 300 м, Сарытөр ауылының Арыс өзенінде – 350 м, Балықты ауылының Арыс өзенінде – 500 м, Керейіт ауылының Арыс өзенінде – 400 м, Мақталы ауылының Арыс өзенінде – 300 м;

Шымкент қаласының Қошқар ата өзенінде – 400 м, Қарасу өзенінде – 400 м.

2) сел қаупі бар учаскелерде сел өткізетін және селді бағыттайтын құрылыстар салу: Төлеби ауданында – Бадам, Сайрамсу, Балдыберек өзендерінің бастауында 6 бірлік, Түлкібас ауданында – Машат және Жабағылысу өзендерінің бастауында 5 бірлік;

3) көшкін қаупі бар учаскелерде инженерлік қорғау құрылыстарын салу: Қазығұрт ауданында – Ұясай өзенінің бастауында 1 бірлік, Төлеби ауданында – Балдыберек өзенінің бастауында 1 бірлік, Түлкібас ауданында – Жабағылысу өзенінің бастауында 1 бірлік;

